

П И О Н Е Р



ИЮНЬ

1953 ЖЫЛ

№ 6

АДАМЫ

Музыкасын жазган
К. Қожамияров

Сөзін жазған
М. Әлімбаев

Жазғы саяхат жыры

Allergo-gioco



Ас қар тауна арқан, айдын кел, асыл кен, көк өгің, самал жел



жол, жарқын жаз шақырды қол бұлғап, пионер ер бізге кел, бізге



кел, жарқын жаз шақырды қол бұлғап, пионер ер бізге кел, бізге



Асқар тау, ну орман, айдын кел,
Асыл кен, көк өгің, самал жел,
„Жарқын жаз шақырды қол бұлғап:
Пионер, бізге кел, бізге кел!“ (2 рет)

Жол ашың, көңіл шат, бой сергек,
Келеміз жорықта серуендеп,
Ұлы Отан, жер қандай тамаша
Керкейткен жемісті ұлы еңбек! (2 рет)

Жас ұлан, кел біздің қатарға,
Дайындап жолы ұзақ сапарға!
Өнерлі ерлер боп есеміз,
Жан күшін арнаймыз Отанға. (2 рет)



ПИОНЕР

№ 6

Қазақстан АҚЖО Оршалық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы.

И Ю Н Ъ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл

Келешек жастардікі

1 — июнь балаларды қорғаудың халықаралық күні.

Совет мемлекетінде балалар бүкіл халықтың мейірбанды қамқорлығына бөленген. Дені сау, сергек, білімді, шат көңілді жас ұрпақ тәрбиелеп өсіруді Ленин — Сталин партиясы әуел бастан-ақ өзінің бір сүбелі міндеті деп білген болатын. Өйткені, балалар біздің сәулетті, бақытты болашағымыздың қожасы, үлкендер бастаған зор істерді қажымай-талмай алға апарушылар, коммунизмнің болашақ құрылысшылары. «Жастар — біздің келешегіміз, біздің үмітіміз, жолдастар. Жастар біздің қарттардың орнын басуға тиіс. Жастар біздің туымызды ақырғы жеңіске дейін ұстап баруға тиіс» (Сталин).

Кемеңгер көсеміміздің бұл даналық сөзі жастарды коммунизм рухында тәрбиелеудің программасы болып, ғасырлардан ғасырларға жетеді, жарық жұлдыздай жарқырап, болашақ жас ұрпақтардың жарқын санасынан орын алады.

Совет өкіметі алғаш орнаған кездегі қиын жылдардың өзінде де В. И. Ленин мен И. В. Сталин совет балаларына әкелік қамқорлық жасап, олардың тарықпай, қалыпты еркін өмір сүруіне және үздіксіз оқуына қажетті барлық жағдайларды жасаған болатын. Азимат соғысының арпалыс жылдарында, жас совет республикасына жан-жақтан анталаған сыртқы жаулардың қауырт шабуылдары кезінде де біздің мемлекетіміз балалардың тұрмысын жақсартуға көңіл бөліп, мыңдаған жаңа мектептер ашты, панасыз қалған жетім балаларға арнап жүздеген колониялар мен тұрақ үйлерін ұйымдастырды.

Біздің балалар Ленин, Сталин типіндегі қайраткер болуға ұмтылады. Ленин типіндегі, Сталин типіндегі қайраткерлердің бейнесін біздің жас жеткіншектеріміз өздеріне үлгі етеді. Заманымыздың ақыл-ойы, ары мен ұжданы болып отырған Ленин — Сталин партиясының ұлы идеяларын кіршіксіз таза сақтап, болашақ

ғасырларға жеткізетін де жас ұрпақтар болмақ.

Кішкентай бөбектерді коммунистік рухта, коллективизм рухында тәрбиелеп, еркін өсіру мақсатымен мыңдаған балалар яслийлері, балалар бақшалары және балалар алаңдары ұйымдастырылды. Анасыз қалған балалар мен тұрмыстан мұқтаждық көрген балаларға арналып ұйымдастырылған мыңдаған балалар үйлері жұмыс істейді. Бұлардан басқа да неше алуан балалар мекемелері бар.

Еңбекшілердің әл-ауқатын молайтып, тұрмысын жақсартуға партиямыз бен үкіметіміз ұдайы көңіл бөліп келеді. Соғыстан кейінгі жылдардың ішінде тұтыну заттары бағасының 6 рет арзандатылуы осы қамқорлықтың айқын белгісі болып табылады. Халықтың тұрмыс күйі жақсаруы нәтижесінде елімізде адамның өсіп-өнуі молайды, өлім-жітім мейлінше азайды.

Совет үкіметі мектептер мен мұғалімдерге күнбе-күн қамқорлық жасап, олардың қажеттерін үздіксіз өтеп отырады.

Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықты ойдағыдай орындау нәтижесінде елімізде мектептер саны едәуір көбейді. Елімізде партияның ХІХ съезінің нұсқауы бойынша жалпыға міндетті жетіжылдық оқудан онжылдық оқуға және қалаларда жалпыға міндетті политехникалық оқуға көшуге әзірлік жүріп жатыр.

Балалардың мәдени тілегін қамтамасыз ету және творчестволық ой-талабын барған сайын өркендете беру ісіне үкімет пен партия үнемі көңіл бөліп келеді. Бұл ретте мектептен тыс жұмыс жүргізетін мыңдаған балалар мекемелерін (пионерлер сарайлары, балалар парктері, серуен-туристік станциялар, жас техниктер станциялары, натуралистер станциялары, балалар темір жолдарын) атап айтсақ та жеткілікті болады.

Мектеп жасындағы миллиондаған балалар жаз маусымында жылма-жыл пионерлер лагерьяларында, арнаулы санаторийларда тынығып қайтады.

Осы аталғандарға балалардың музыка мектептері мен училищелерін, спорт мектептерін, балалар мен жасөспірімдер театрларын қоссақ, жас ұрпаққа деген әкелік қамқорлықтың көлемі онан сайын зорая түседі.

Біздің Совет елінде балалардың жан-жақты қабілетті адам болып өсуіне және таланты мен дарынын барынша жарыққа шығарып, коммунизм игілігіне жұмсауына қажетті жағдайлар толық жасалып отыр.

Совет халықтарының тілдерінде балаларға арналған көркем әдебиет барған сайын қарыштап өркендеуде. Жыл сайын балалар әдебиетінің жүздеген кітаптары миллиондаған тиражбен шығып тұрады. Елімізде бірнеше жүздеген арнаулы балалар кітапханалары жұмыс істейді.

ССРО-ның үлгісі бойынша халықтық демократия елдеріндегі балалардың тұрмысы жылдан жылға жақсарып келеді. Бұл елдерде соңғы жылдарда мектеп саны мейлінше көбейді, мектеп жасындағы балалар жаппай ақысыз оқуға тартылды. Албанияда, Венгрияда, Румынияда орта дәрежелі халық мектептері ашылды. Бұл мектептердегі оқушыларға киім, тамақ, тағы басқа тұрмыс мұқтаждары үкімет есебінен беріліп тұрады.

Сан жағынан жер шарындағы адамзаттың төрттен бірі ұлы Қытай халқының сан миллион балалары бақытқа ие болып, еркін өмір сүріп отыр. Қытай еңбекшілерінің балалары төзімсіз ауыр азаптан құтылып, енді ғылым-өнер мен еркін еңбектің даңғыл жолына түсті. Бұл күнде Қытай қалаларының көшелерінен рикші

балаларды таппайсың, күріш плантацияларында, мастерскойларда, заводтар мен фабрикаларда төзімсіз жұмыс істеуден олар біржола азат болды. Халықтық демократия елдерінің балалары совет еліндегі пионерлермен тығыз байланыс жасап, достық қарым-қатнастарын күшейтуде.

Обыр капиталистер билеген елдердегі еңбекшілердің балалары қара түнек өмірдің тар қыспағында, төзімсіз ауыр азап шегуде. Әйтеуір өлмеу үшін, итшілеп болса да күн астында өмір сүру үшін сорлы сәбилер не түрлі қыйыншылықтарды басынан кешіруде.

Әлем шырағы күн де қырын қарайды оларға. Неге десеңіз, еңбекшілер жерден қазған қуыстарда, қаңылтыр кеспектердің ішінде тұрады.

Фашистік Испания мен Грецияда, Тито Югославиясында төзімсіз еңбектің салдарынан мыңдаған балалар қырылуда. Ресми мәліметтер бойынша фашистік Испаниядағы 5 жастан 12 жасқа шейінгі балалардың 75 проценті туберкулез ауруына шалдыққан.

Америка империалистері билеп-төстеп отырған Японияда мыңдаған жалшы балалар күріш плантацияларында белуардан су кешіп, ертеден қара кешке шейін ауыр жұмыс атқаруда, ол-ол ма, мыңдаған балалар екі аяқты арбаға жегіліп, рикшілік қызмет атқарады, теңізге сүңгіп асыл тастар теріп алып, байлардың қалтасын қалыңдатуға мәжбүр болады.


Әсіресе, отар елдердегі балалардың шеккен азабын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Соңғы жылдарда бір Индияның өзінде ғана бірнеше миллион бала аштан және нешетүрлі жұқпалы дерттен қырылып қалды. Байлар мен бектер билеген Туркияда күні осы уақытқа шейін ортағасырлық қалып орын тебуде. Бұл елде тұрмыстан соққы жеген шерлі жандар мен олардың дәрменсіз жас балалары ішер ас пен киер киімге жарымай, хайуан орнына жұмсалады, кетпенмен жер қазып, көлік орнына соқаға жегіліп егін егеді.

Балаларды мал орнына топтап сату капиталистік елдерде қалыпты салтқа айналды. Жыйырмасыншы ғасырдың адамжегіштері, доллар құлы рахымсыз тасжүрек жалмауыздар еңбекшілердің балаларын тозған беторамалы құрлы көрмейді.

Жас балаларды құлдыққа



4-мектептегі пионер лагері. Оқушылар шахмат ойнап отыр. Алматы.



сату Японияда жалпылық әдетке айналған. Латын Америкасында балаларды «үй құлдығына» ашықтан-ашық сатып алады. Осы секілді жексұрын салт Гоминдан билеген кезде Қытайда да кең орын алып келіп еді.

Капиталистік елдерде, отар және тәуелді елдерде балалардың еңбегін қанап, оларға арзан ақы төлеу—ежелгі әдет.

Ауыр тұрмыстың салдарынан балалардың өлім-жітімі барған сайын көбеюде. Мәселен, Индия мен Пакистанда бір жасқа шейінгі 1000 баланың үштен бірі жыл сайын өліп тұрады екен. Осы елдерде балалар тегіс дерлік сауатсыз. Отар Африкасындағы халықтардың балаларының жарым—жартысы үнемі бес жасқа шейін өліп қалады. Туркияда 1951 жылы туған 800 мың баланың елу проценті өлген.

Америка Құрама Штаттарының өнеркәсібі мен ауылшаруашылығында малайлыққа жалданған 3,5 миллион бала жұмыс істейді. Олардың жұмыс күні 12 сағатқа созылды. Соңғы мәліметтер бойынша Америкада миллиондаған балалар неше түрлі дерттерге шалдыққан және мектеп жасындағы 3 миллион бала жүйке ауруына душар болған.

Қаражаттың жоқтығынан мектепке оқуға баруға шамасы келмейтін балалардың саны

жылдан жылға көбейіп барады. Осының салдарынан Америкада қазір 6 миллионнан астам бала оқусыз қалып отыр.

Америка, ағылшын империалистері балалардың оқып, білім алуына тіпті көңіл бөлмейді. Олар санасыз, надан, адамгершілік сезімі жоқ кісі өлтірушілер тәрбиелеу мақсатын көздейді.

* * *

Ленин — Сталин партиясының басшылығымен коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатып жатқан Совет елінің бақытты балалары өзінің жарқын болашағына зор сеніммен көз жібереді. Өйткені, совет балаларының алдында коммунизмнің даңғыл жолы жатыр. Жер жүзі еңбекшілерінің кемеңгер көсемдері Ленин мен Сталиннің күндей нұрлы, ұлы идеялары біздің жас ұрпақтарды ғасырлар белестерінен асырып, ілгеріге бастай бермек. Еңбекші адамзаттың санасында, жүрегінде мәңгі жасайтын ұлы Сталиннің данышпандық өсиеттерін бұлжытпай орындай отырып, совет халқы, оның бақытты жас ұрпақтары балаларды қорғаудың халықаралық күнінде «Бейбітшілік сақталады» деген сталиндік ұранды берік сеніммен қайталайды.

Сейтжан Омаров

М. Исаковский

Смоленщинадағы пионер лагері

Самал өбіп, күн сүйген бала-балғын
Түр жыйналып ішінде ну орманның:
Пионерлер жазының алтын шағы,
Келді алтын дәурені ду-думанның!

Бір жылдары бұл жерді жалғыз өзім
Кезгенде, өтті елеусіз бала кезім.
Айбынды үні горның естілді де,
Лаулады костерлері пионердің...

Балалықтың сәулетті бұл дәуренін —
Сонда менің ойыма келмегеннің
Берді бәрін сендерге Отан-ана —
Баласына шаруа мен жұмыскердің.

Алда нелер күндер бар! Толып жатыр! —
Жорық, сайран, қызықты іс ұлаң-асыр!
Туған өлке — Смолен күшағында
Жырлайсыңдар не түрлі тамаша жыр!

Өкінбеспін мүмкін өз тағдырыма,
Бірақ осы думанда тұрғанымда,

Дәл бүгін өкінетін тәріздімін
Сендерден сәл ертерек туғаным.

Жыйынға кеп, сендермен, әттен менің
Көкорайда жүре алмас бала кезім,
Көре алмай костеріңді ол сендердің
Өткеніне шырмауда өкінемін...

Жаным жадырап сонда да күлімдеді
Ешқашан да, өйткені, ол күндері
Біздер үшін гүл жарып көрмегендер
Шешек атып сендерге тез гүлдеді.

Құрдастарың емеспін, — кайтер дейсің! —
Кештеріңнен сонда да келмес кеткім,
Бәлки, менің сендермен бала күнім
Отырған болар бірге, көрмей ешкім.

Шалкытты оны достық пен мейірлерің,
Тілектерің тілеп түр ол сендердің,
Костер жағып отыру қандай жақсы
Алтын дәурен жазында пионердің!

Аударған Ж. Өмірбеков.

Демалысымыз қызықты көңілді өтеді



Нина ұйқыдан оянып кетті. Жолға жеңіл болсын деп алып шыққан шағын көрпесін қымтай жамылып жатса да, тонып қалған екен. Серіктері әлі оянбапты, бір-біріне тығыла түсіп қатты ұйықтап жатыр. Нина әрлі-берлі жүріп сергіп, жылынбақ болып, шатырдан далаға шықты.

Осыдан бір апта бұрын Нина өзінің Валя Лосева, Галя Сумарокова және басқа бір топ серіктерімен бірге Алматыдан шыққанды. География мұғалимасы Анна Михайловна Мокроусова жас саяхатшыларды бастап шықты. Олар әуелінде Іле бойын қуалай солтүстікке қарай беттеді. Жағаны қаптай өскен бұйра жас талдардың арасынан жүру қандай көңілді десеңші! Қалаған кезде салқын өзен суына шомылып, құм үстінде күнге күйді. Қармақпен балық аулады. Қласта ботаника мен зоология сабағынан өткен біраз өсімдіктерді, жәндіктерді олар осы өзен жағасынан, Іле бойынан кездестірді. Мектептің биология кабинетіне арнаған коллекцияны алғаш осы Іле маңынан

жыйнай бастады. Соған кейін олар Алматыдан шыққан, геологиялық практикада жүрген студенттермен бірге шалғай құм ішіне терендей еніп кетті. Міне бірнеше күн бойы олар шағыл құмды шөл далада түнеп жүр. Шөлдің мыйқайнатарлық ыстығын да, түнгі салқын суығын да көрді олар.

...Арада тағы да бірнеше күн өтті. Үйге қайтар күн де жетті. Нина отрядтың жорық күнделігіне өздерінің алған әсерін, шөл табиғатын жазды...

«Алматыдан шыққан кезде бізге шөл деген елсіз-күнсіз, тіршіліксіз, айыркүйық шаяндар мен қарақұрттың, улы жыландардың ордасы болып көрінді. Аздап жүрексіздік те. Бірақ мұның бәрі орынсыз үрей екен, оған көзіміз жетті. Шөл табиғаты да өзінше қызық. Әсіресе күн өткен сайын, шөл сырын ашқан сайын, адам қызыға түседі. Міне, біздің шөлге келгенімізге он күндей болды. Көп нәрсені көріп білдік. Биология кабинетіне арнап кесірткенің сан түрін — батбат, ешкемерлер ұстап алдық. Құмның улы оқ жыланын да қолға түсірдік. Айыркүйық шаян мен қарақұрт та шыны ыдыста, біздің қолымызда. Бірді-екілі сары тышқан мен қосаяқты ұрып алып, ішіне шөп тығып тұлып қылдық. Даланың, сирек те болса, құстары бар. Аида-саида жек пен дуадақтар кездесіп қалады. Топ-топ болып бұлдырықтар сусып ұшып өтеді. Шөлде өсімдік аз, жусан мен еркек, сексеуіл шырпысынан басқа ешнәрсе кездеспейді. Күндіз ыстық болады. Күн тас төбеннен шақырайып, сусымалы шағыл құмды мейрімсіз қақтайды да тұрады. Қапырық, отты леп тынысынды тарылтып, басыңды айналдырады. Бірақ біз бұған мойымалдық...»

Өткен жылы жазғы жорық кезінде бастан кешірген осы жайлар жаз шығып, каникул жақындаған сайын мектеп оқушыларының есіне жиі-жиі түсіп, көп әңгімелер тудырып жүрді. Бір күні география мұғалімі Анна Михайловна Мокроусова мен аға пионер вожатый Валентина Захаровна Гуськова жас натуралистер үйірмелеріне қатысатын қыздарды жыйнап алып әңгіме өткізді.

— Жазғы каникул жақындап қалды. Емтихан да таяу. Оқу жылы да бітеді. Біздер тағы да туған өлкені зерттеу үшін қызық жорықтар мен саяхатқа шығамыз. Сендер оған даярланып жатырсындар ма? Быйыл біз Іле Алатауына және Қырғызстанға Пржевальскіге барамыз. Ал жүретін маршрутты

өздерің жасандар, жолды карта арқылы, түрлі әдебиеттер оқып жақсылап зерттендер, — деді олар.

Бір аптадан кейін қыздар қайта бас қосты. Олар өздерінің болашақ саяхаты туралы оқып білгендерін ортаға салды, ұсыныстарын айтты.

— Жолдан Қаракастекте, Жамбыл атайдың музейінде болайық. Жамбыл туралы білмейтініміз көп қой әлі, — деді Света.

— Ал Қордай асуынан асқаннан кейін, аржағында Жамбыл облысының Георгиев ауданы тиіп тұр. Бұл ауданда республикамыздағы ең үлкен колхозаралық су электрлендіру ісі жүргізіліп жатыр. Қызықтың бәрі сонда ғой, оған аялдамай болмайды.

Жас саяхатшылардың ұсыныстары да, оқығандары да көп екен. Әсіресе Люданың сөзі оқушыларға қатты ұнады.

— Біз бәріміз де орыстың ұлы саяхатшысы, Орта Азияны зерттеуші Пржевальскийді жақсы көреміз. Оның саяхатын, кітаптарын қызыға оқыймыз. 1885 жылғы 25-інші октябрьде Пржевальский өз серіктерімен бірге Тянь-Шан тауының Бедел асуынан асып, біз барғалы отырған Ыстықкөлдің жағасына келіп, дем алды. Бұл оның Орта Азияға жасаған төртінші саяхатынан оралып келе жатқан беті еді.

«Бүгінгі күн — біз үшін аса бір қымбат күн, — деп жазды бұл бұйрығында Пржевальский. — Біз Қытай шекарасынан өтіп, туған жердің топырағын басып отырмыз. Біз Кяхтадан өз саяхатымызды бастағанымызға екі жылдан аса уақыт өтті. Біз сонда Азия шөлдерінің шалғай түкпірлеріне бір ғана одақтас — ержүректікті серік қылып шыққан едік, қалған нәрсенің бәрі — табиғат та, адам да бізге қарсы болды...

Дегенмен, шөлдердің тағы табиғаты да, жат жұрттықтардың дұшпандық кедергісі де бізді тоқтата алмады. Біз өз тапсырмамызды аброймен орындадық — Орта Азияның европалықтардың аяғы әлі баспаған түкпірлерін кезіп, зерттеп шықтық. Абройларың өсіп, даңқың арта берсін, достарым!»

Ал осыдан үш жыл кейін, 1888 жылғы 20 октябрьде Орта Азияға бесінші рет саяхатқа шығып бара жатқанда, Пржевальский осы Ыстықкөл жағасында аң аулап жүріп, өлі су ішіп, іш сүзегінен Қаракөл қаласында қайтыс болды. Мінеки біз барғалы тұрған жердің мен оқыған тарихы осындай. Егер біз барсақ, ұлы саяхатшы жүрген жермен жүреміз, оның тамаша ескерткішін көреміз.

Люда әңгімесін бітірді. Мұғалима сапарға барғысы келетіндердің тізімін алды. Құштарлар көп-ақ екен. Ішінен жыйырмасын іріктеп

алды. Маршрут белгіленді. Көп ұзамай оқушылар пионер бөлмесіне келіп, өздерінің жол киімдерін және басқа құрал-жабдықтарын көрсетті.

Сонымен жазда жан-жаққа жорыққа шығатын балалар саяхаттай берсін, ал қалада қалған жүздеген пионерлер не істейді? Пионер жазын қалай өткізеді? Бұл күні бұрын ойластырылды. Жазда қалада болатын пионерлердің тізімі жасалды. Металл өңдеу зауытының 2-тұрғын үйі ауласында оларға арналған қалалық пионер лагері болады. Онда әдебиет, музыка, кесте тігу үйірмелері жұмыс істейді. Мектеп жанынан спорт клубы ашылды. Оған жүздеген жас спортшылар қатысады. Физкультура мұғалімі Сильченко клубтың жұмысын басқарады. Жазда пионерлер баскетбол, волейбол жарысын өткізеді. БГТО значегіне норма тапсырады, қала маңынан, ботаника бауынан гербарий жыйнайды. Парктерге, кинотеатрларға, өнеркәсіп орындарына серуендер жасайды.

Ә. Жұмабаев,

Алматы, 15-қыздар мектебі.



Алматының ауыр машина жасау зауытының пионер лагері.

Суретте: балалар әткеншек теуіп отыр.

Мен Артектен бөлшедеймін

Мен өткен жылы Артектен 37 күн дем алдым. Май айының аяғында Артектен келіп, оның тарихымен таныстым. Артектен құру туралы 1925 жылы ССРО Орталық атқару комитеті қаулы алды. 1925 жылдан мұнда пионерлер дем ала бастады. Бірақ, дәл қазіргідей болған жоқ. Ол кезде Артектен тек Қырым облысының пионерлері ғана дем алатын. 1928 жылы Артектен салынып бітіп, мыңдаған совет пионерлері Артектен келе бастады. Артектен құруға, әсіресе, көп көңіл бөлген В. М. Молотов жолдас. Сондықтан Артектен Молотов жолдасының есімімен аталады.

1941 жылы Қырымдағы соғыс кезінде фашистер Артектен көп зиян келтірді. Артектен арналып салынған тамаша зәулім үйлерді атқылап қыйратты. Бірақ Артектен сонда да жабылған жоқ—Қырымды гитлершілерден босатқанша Артектен Алтайға көшірілді. 1946 жылы Артектенгі жас ұландардың шақыруы бойынша, Молотов жолдас Артектен келді. Ол Артектен пионерлерін Москваға қонаққа шақырып, оларға 30 автобус тарту етті.

Менің әкем жоқ болса да, үкімет пен партияның, көсеміміз Сталиннің әкелік қамқорлығының арқасында мен мектеп босағасын аттағалы үнемі үздік оқып, Отан алдындағы ең басты қасиетті борышымды ойдағыдай ақтап келемін. Үздік оқып, мектепте көпшілік қоғам жұмысына белсене қатысып, пионер ұйымының берген тапсырмасын бұлжытпай орындап отырғаным үшін аудандық оқу бөлімі мен оқытушылар коллективі мені Қырымдағы пионер санаторийі Артектен жіберді. Бір тілектегі әр ұлттың балалары бір әке, бір шешеден туғандай тату-тәтті дос болып тынығып дем алып қайттық. Өткен жылды мен ұмытпаймын. Осы жазда мен әрі тынықтым, әрі шынықтым. Өткен жазда сүйікті Отанымыздың отыздан астам қалаларын поезбен аралап, туған елдің ұлан байтақ байлық-

тарымен таныстым. Артектен бара жатқанда Москвада болып, Қызыл алаңды, Ленин мавзолейін, Кремльді, Метроны көрдім.

5-июль. Танертең бір топ пионерлер Ялта қаласынан 8 километр жердегі Молотов атындағы Никитин ботаникалық бақшасына бардық. Бақшада алуан-алуан ағаш түрлері өседі екен. Соның ішінде 1500, 1000, 500 жыл жасайтын ғажайып үлкен ағаштар бар.

6-Июль. Қатерге мініп, теңіз жолымен Ялта қаласына барып қайттық. Қара теңізден қарағанда Ялта өте әдемі болып көрінеді.

Бір күні Совет Одағының батыры, жазушы Петр Петрович Вершигорамен кездестік. Ол өзі жазған «Ары таза адамдар» деген кітабы кейіпкерлерінің партизандық ерлік істері жөнінде айтты.

Артектен бірге дем алған менің көп достарым болды. Менің Вильнюс қаласынан келген Виктор, Москвадан келген Юрий Шушиков, Қырғызстаннан келген Алысбек Лайлиев, Украинаның Запорожье қаласынан келген Валерий Бардзиловский сыяқты сүйікті достарым бар.

Біз бір-бірімізбен еліміздің байлығы мен коммунизмнің ұлы құрылыстары жайында әңгімелестік. Валерий Каховка су электр станциясы жайында айтса, Виктор кешегі Вильнюс пен бүгінгі Вильнюстің өмірі жайында білетіндерін әңгіме етті. Юрий Отанымыздың жүрегі Москвадағы зәулім үйлер жөнінде айтты. Ал мен оларға Советтік Қазақстанның байлығы, еңбек озаттары, колхоз шаруашылығына Қазақстан пионерлерінің көмегі туралы әңгімеледім. Біз қайтарда бір-бірімізбен хат жазысып, бұдан былай да пікір алысып тұруға келістік.

Нұрлыбек Қайдаров,

Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Қызыл әскер мектебінің 7-класс оқушысы.

ӘЛДИ, БӨПЕМ

Әлди-әлди, бөпешім,
Әлдилейді көкешім.
Тербетейін жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой.
Көк күмбезбен ай жылжып,
Көтеріліп келеді,
Тереземнен үңіліп
Бөпеме нұр себеді.
Жел де баяу тербейді,
Жас орманды бесіктей.
Ұйқтар балғын жапырақ,
Тышшыр түгел кешікпей...
Ұйқта сен де, бөпешім,
Тербетеді көкешім...
Әлди, жаным, әлди-ай,
Әлди, бөпем, әлди-ай...
Бейбіт — Отан гүлдері
Жатыр жауып жеріңді.
Сүйген гүл мен өмірді
Сақшыларың сенімді.

Әбділда Тәжібаев



Бердібек Соқпақбев

(Жалғасы. Басы 2, 3, 5, номерлерде)

Повесть

Суреттерін салған Н. Лебедев

Болат бүгін аттарын өзі жекті. Кеше Қожашпен қанаттасып өз алдына бөлек түскен еді. Сол бітпей қалған жерін шаба бастады. Қайткенде де бүгін күндік нормасын орындауға тырысты. Машинаны майлағанда да тез-тез қыймылдап, аттарды желдірте айдап жүр. Қожаш екі айналғанда, ол сол шамалы қашықтықты екі жарым айналып шықты. Көңілі тасып, делбені сілке түсіп, осылайша масаттанып келе жатыр еді. Кенет машинадан секіріп түсіп қараса, шалғының орта шеніндегі бір жапырағы сынып, кетіп қалыпты. «Бұл не-ліктен сынды, ә?» деп, тап тамаша болды ол. Тасқа тиген шығар дейін десе, бұл маңайда бір түйір де тас көрінбейді. Басын қанша қатырғанмен, шалғы жапырағының сыну себебін біле алмай-ақ қойды. Қожаш бір айналып шығып, екпе тұсына келгенше, ол тек машинаның әр жерін бір шұқылаумен болды.

— Не болды? — деп дауыстады Қожаш машинасын тоқтатып,

— Шалғым сынып қалды.

Қожаш келіп, педальді кейін қарай теуіп қойды да, шалғыны көтеріп қарай бастады.

— Ене, — деді ол, — мына бір құсауызың сылқылдап, босап кеткен екен ғой.

Шалғының сыну себебін Болат енді біле қойды. Өйткені машинаны майлаған сайын құсауыздарды тексеріп отыр, босай бастағандары болса, дереу бұрандасын бекемдеп, бұрал қой» деп Қожаш кеше ескерткен еді. Ол сөз Болаттың есінен тарс шығып кеткен екен. Сақылдап босаған құсауыз шалғының жапырағына дөп келген соң, сынбағанда қайтсін?

Шынын айту керек, Болат өзіне өзі мұнда тек уақыт өткізу үшін келген адамдай қарап, жери бастады. «Тегінде тигізген пайдамнан гөрі зияным артып кетпесе жарар еді. Қой, бұлай жүре беруге болмайды!» — деп ойлады ол.

Кеше Қожаштан көргені бойынша бұл жолы шалғыны да өзі ауыстырды. Бірақ бұл оған аз әуре болған жоқ, екі сағаттай уақыты кетті.

Күн де ерекше шақшыйып, осы көп білместігі үшін оны көзге шұқығандай өртеп барады. Сел-сел боп тамшылаған тері омырауына сорғалайды. Басы-көзін сүртінді де, кейістікпен тістеп, машинасына отырды Болат. Делбені жыйнақтап, аттарын енді шу дей бергенде, сыртқы аттың тамақ бауы шешіліп, қамыттың екі жаққа далыйып кеткенін көрді. Машинадан түсіп, оның тамақ бауын байлап жатқанда, сонанан қорынып тыпыршыған ішкі ат делбені аяғына шалып алды...

Осы өмірінің ішінде ол өзіне-өзі тап бүгінгідей ке-

йіп ызаланған жоқ шығар. Бір мезгіл жастай ештеңеге араласпағанына өкініп, ештеңеге жұғымым жоқ, өмірге жанасымсыз біреу болармын деп күйінді.

Түскі тамақтан соң Марья Ивановна күндегіше барлық балаларға қымыз үлестіріп еді. Болат өзіне тиесісін алудан бастартты.

— Қарағым-ау, күні бойы иені сусын етпексін? — деді Марья Ивановна оған.

— Шөлдемеймін, — деді Болат, — қымыз ішкім келмейді.

— Қой, мына ыстықта сусынсыз қалай шыдамақсың, — деп Марья Ивановна Болатқа бір бөтелке сүт құйып берді.

Түстен кейін күн айрықша ыстық болды! Лапылдаған жалыны тынысты тарылтып, булықтырып жіберді. Аспан төрінде селдіреп қалықтаған тоқымдай ақша бұлттар күн көзін сол уақыт қалқалай қалса, сол күйінде тұра берсе екен деп тілейсің. Бірақ ақша бұлт шығысқа қарай сырғып өте береді де, ашы күн қайтадан шақшыйып шыға келеді, темекіні тұтататын күнтартқыш айнекке ұқсап, мыйды тесіп жіберсе жаздайды. Марья Ивановна берген сүтті Болат машинаның үш-төрт айналымына жеткізбестен-ақ ішін бітірді. Күн батқанша әлі көп уақыт. Өзен де сонау алыста қалды!

Бірақ оның осыншама қансып шөлдегенін машинасының түстен кейін ешбір бұзылмай жүруі ұмыттырғандай болды. Шалғысы кінәратсыз сақылдап, машинасының дауысы да ерекше түзелген сияқтанды. Аттары да қамшы сілтетпей елпілдей жүреді, делбемен емес, шалқыған көңілімен басқарып келе жатқандай. Шапқан жерінің аумағы барған сайын кеңейіп берекелене түсуде. Еңбегінің осы алғашқы мардымды жемісі Болатты қуанышқа бөледі. Тіпті машинаның үстінен түскісі келер емес, кеш батпаса екен деп тілейді...

Бұл күні Болат күндік нормасын сексен бес процент орындапты. Ол үшін бұл рекорд жасаудан кем көрінбеді. Енді өзін кемсітегін кертартпа ойларын аулақ серпіп тастады. Бойында еңбекке деген асқақ шабыт пайда болды. Қешке таман шатырға қарай қайтқанда, құйғытып тұра шапқысы келді.

Қатарласып келе жатқан Балабек:

— Ал, қалалық жігіт, хал қалай? — деп еді.

— Хал әлі де неважный, — деді Болат.

Шалғысының бір жүзі сынып қалғанын ол Балабекке әлгінде айтқан болатын.

— Жұмысқа бастыққанша ондай-ондайлар бола береді, — деді Балабек, — бірақ тезірек бастығу керек, уақыт қымбат.

Балалар шатырға келгеннен кейін Марья Ивановна

салқын жерде сақталған бір тегеш қымызды көгалдың үстіне алып шығып:

— Шәлдегендерің бері келіңдер — деп, сапыра бастап еді. Муны көрген соң Болаттың сілекейі шұбырып, тамағы жыбырлап кетті. Бағанағы қымыз ішкім келмейді деген сөзі ойында бола тұрса да, қанының кеуіп қалғандығы соншалық, ыдысын алып шықпақшы болып, шатырға өзгелерден бұрын жүгіре кіріп еді, бақырып қайта қашып шықты. Көзі шарасынан шығып, өңі құпқу болып кетіпті. Қалтырай түсіп, сөйлеуге шамасы жоқ.

— Саған не болды ей? — деп, өзгелер бұған таңтамаша қалды.

Болат қалтыраған саусағымен шатырдың есігін нұсқап, ерні сөйлеуге зорға келіп:

— Кателогімді ала берсем, ішінде көзі бақырайып бір бақа отыр, — дейді.

Балалар шек-сілесі қатып күлсіп жатыр.

— Сілкіп тастамайсың ба былай.

— Ол менің арқандауды бақам, — деп маз болып жатыр Құрмаш.

Болатты шошытқан әлгі бақа шынында да бір аяғынан кендір жіппен байлаулы екен.

VII тарау.

Плащын иығына салып алып, алды-артына карамай ауылға тартып отырған Досанды тал арасына ат қамалап ұстап жүрген балалар әуелі байқамай қалып, соңынан жоқтады.

— Оның жұмыс істегісі келмейтін көрінеді, — деп, Сережа балаларға Досанмен болған әңгіменің мәңжайын баяндады.

Бірнеше бала Досанды қайтарып әкелу керек, жүре бара түзелер, жолдасты ренжіткеніміз жарамас деген пікір білдіріп еді.

— Оған сол керек, — деп қасарысты Сережа, — бара берсін. Біз арамызда әскери қатаң тәртіп орнатпайынша, қолхоз сенімін ақтай алмаймыз. Егер майданда болса білер еді ол.

— Бірден қуып жібермейік, тәртіпке шақырайық, — деді Қожаш. Қожаштың аузынан мұндай жұмсақ сөз естіген соң әлгінде Досанды аяп сөйлеген балалар енді дауыстарын көтеріп, бел алып қалды.

— Тәрбиелеу керек.

— Қайтарайық тезірек.

— Кәне Қожаш, атқа міне салып сен бар. Ол өзгемізге көнбейді.

Досан кере алымдап барынша қатты жүріп келе жатқан. Бір кезде артынан машина дауысы естілді. Бұрылып қараса, бір жүк машинасы ағызып келеді



екен. Кузобында ешкім жоқ, кабинада шофердің жалғыз өзі. Досан жол шетіне шығып, қолын көтерді. Машина қатарласа беріп, тоқтай қалды.

— Қайда барасың?

— «Жаңа өмірге»

— Кел отыр, — деп шофер кабинасының есігін ашып жіберді. Жайдақ атпен далақтап шауып келе жатқан Қожаш Досан машинаға отырып жөнелген соң, жете алмай, амалсыз атының басын тежеп, өкінішпен карап тұрып қалды.

Тура-тура өз үйлерінің тұсына келгенде Досан машинадан түсті де, ешкімнің көзіне шалынғысы келмей, үйге тез басып кіріп кетті. Тоғыз жасар қарындасы мен карт әжесінен өзге үйде ешкім жоғы өзіне аян. (Әкесі мен шешесі ауылдан он шақты километр шамасы қашықтықтағы егінжай басындағы дийрменде). Үй ішіндегілер неге қайтып келдің деп сұрайтын болса, оларға қайтаратын жауапты жол бойы жұптап алды ол. Оқ сақтанған жақтан тиесі дегендей, Досанның бұл ойлағаны болып:

— Досанжан неге қайтып келдің? — деп сұрады кәрі әже.

— Осындағы арамшөп жұлатын балаларға бастық етіп жіберді.

— Не дейсін, қаттырақ айтсаңшы?

— Егіннің арамшөбін жұлатын уақ балаларға бастық етіп жіберді деймін.

— Соларға жұмыс істетесің дей ме?

— Я.

— Бұл әлгі Балабектің істеп жүргені ме? Опысы несі екен. Басқа біреуді жібермей ме? Сені уақ балалар тындар деймісін. Оған да шөп шапқаның тыныш еді ғой.

— Үлкен адам айтқан соң, тыңдамасқа бола ма?..

— Балабектің өзін маған жіберші. Мен оған айтайын. Сені шөпке жібер дейін. Уақ балаларға сен не болмайсың ғой..

— Айтпай-ақ қойыңыз Балабекке.. өзім тілсіз келдім.. — деп, Досан төр үйге кіріп кетті.

Досан күні бойы үйден шыққан жоқ. Сережаға деген ренішті ашуы біртіндеп түтінше айығып, тарап кетті де, оның орнына дымқыл бұлтша ауырлап, ой торлап келе бастады. Өзі мен өзгелердің қылығын таразылап көреді. Әуелі барлық кіна Сережада, оны қолдаушы Қожашта және өзге балаларда секілденіп, өзі бірден бір нақақ жанға ұқсағанмен, біртіндеп бұл ара салмақ өзгере бастайды. Өзінің де жаза басқан, артық кеткен жерлері аңғарылады. Өз бойындағы мұндай міндер шұқшыя берсе, көбейе түсетін сыяқты,

«Жоқ, — деп ондай ойды кейін серпіп тастайлы Досан, — мен ештеңе де бүлдіргем жоқ. Таңертегі гимнастика ма? Оның соншама не қажеті бар екен? Партизанмын, жауынгермін деп, Сережа ойына келгенін істемек болады. Атпен неге шабасың? Құш көлігін орысыз неге қыйнайсың? Жоқ, бұл да әншейін ғана. Бір тыз еткенге ат болдырушы ма еді? Бұл Қожаштың шектен тыс шаруақорлығы, аянкештігі, тіпті жылаңқылығы. Әскери тәртіп... Әскери тәртіп... Біз солдат емеспіз ғой, майданда жүрген жоқпыз ғой... «Тракторды» ғана мінесің... Тапқан екен майға піскен жұқа нанды. Жүрмекпін ғой мен сонымен тонк-тонк желіп... Ақырында келіп, Досан өзін осылайша ақтап алады да, барлық кінаы таудағы балалар-

ға оның ішінде бұған әуелгі жүз көрісуден-ақ ұнамай қалған Сержаға аударып тастайды.

Бұл күні Досан ұзақ ұйықтады. Әбден жамбасы талған соң тысқа шықса, күн бесіндікке жаңа барған екен, төңірекке көз тастап біраз тұрды да, бірлі-жарым кәрі мен қыбырлаған жас баладан өзге ешкім көзге шалынбайтын кең көшеде оқшау серейіп тұруды ыңғайсыз көріп үйге қайта кіріп кетті. Асықпай отырып, тәтті айран ішті. Бала күніндегіше сырлы қасықтың сыртымен алып жалайды. Ақырында күн де батты, кеш түсті. Үйге шам жағылды.

Өтірігі әшкере болмау үшін Досан ертеңінде ұсақ балалармен бірге егіннің арам шөбін жұлуға барғысы келіп бір тұрды да, бірақ лақ-қозымен бірге жайылған бұзау танаға ұқсармын деп, мұны ерсі көрді. Жұмысқа барамын деп, азық-түлігін алып үйден шыққанмен, егін басына емес, тоғайға қарай тартты. Ешкімге көрінгісі келмей, жар астымен ұрыша бүггендеп зытты. Бір қалтарыстан шыға келіп еді, қарсы алдында сыйыршы шал көлденеңдеп өтіп бара жатыр екен. Жарға жабысып, бұға қалды ол. Әйтеуір көзге түспей құтылып, тоғайға кіріп кетті...

Толықсыған көк тоғай мәуелеп иіледі. Жұмсақ көк шалғын аяққа оралады. Тарам-тарам боп аңыздай аққан өзен суы қаулаған осы тіршіліктің нәр беретін тынысы.

Көп сенделді... Уақыт өтер емес, әлі күн төбеге жеткен жоқ. Енді не істемек ол? Жалғыздығын Досан енді сезе бастады. Шіркін таудағы өмір!.. Балалардың думанды іші... Шіркін Сержаның қызықты әңгімелері, Әнуардың мавдолинасының күйқылжыған үні... Шіркін коллектив. Кәдірінді білмеңті ғой, Досан! Зар болды ғой енді сендерге.

Досанның тауға қайтадан барғысы келді. Бірақ оны біртүрлі ұят көрді. Өзбетімен кетіп қалып... Өзбетімен қайтып келіп... Мұның қолайсыздау екені де рас қой...

Таяғына сүйеніп тысқа азар шығатын қарт әже сүт пісіріп, жұмыртқа қуырып, Досанды күтіп отыр екен. Немересінің жабырқау жүзін көрін бәйек боп кетті.

— Қатты шаршағаның ғой, шырағым. Арам шөп жулу да ауыр жұмыс дейді ғой. Немене, бір жерің ауырып отыр ма әлде? Тамағыңды іше ғой.

..Ертесінде Досан таңертең тұрды да, жылқыдағы өзінің торы құнанын ұстатып алып, ерттеп мініп, «Социалистік Қазақстан» колхозындағы нағашысына кетті. «Социалистік Қазақстандағы» жағдай да тап осы колхоздағыдай екен: селтсең етіп ауылда бос жүрген бір жан көрмейсің. «Бәрі майдан үшін, бәрі жауды жеңу үшін» деген айбынды ұранның күдіретті күші бүкіл жұртты еңбек майданына алып кеткен.

Досанның нағашы ағасы маяда істейді екен. Досан сонда келді.

Күж-күж боп алыс созылып жатқан сұр қырқаға жақындап келсең, қойнау, сай-салалары ғана емес, дөң жоталарында да биік бетеге ұйысып тұр, төңірек қырқай шабыс. Шөл шабыс науқаны жақында басталса да, қыруар жерде қызу еңбектің ізі жатыр. Досан осының шетінен аралап, бір жердегі маяшыларға келгенде маяның екінші жағында тұрған бір вилюсті көрді. Орта бойлы, бір көзін қыйғаштай таңып алған, әскери гимнастеркасының сыртынан судыраған көкшіл сулық киген, шеке тамырлары білеуленіп, маңдай әжімдері мезгілсіз тереңдеп айғыздалған жүдеу өнді біреуді маяшылар қоршалып алыпты. Көзін таңып алған кісі күле сөйлеп, колхозшыларға бірдене айтып тұр.

Жүрдек құнанның жылдам аяңымен елпілдете кеп тоқтаған Досанға тұрғандардың бәрі жалт қарағанда, көзін таңып алған әлгі адамның сөзі үзіліп қалды. Иегін сәл көтеріп, жылылығы мол мейірбанды жалғыз көзін ол да ат үстіндегі балаға тікті.

— Бала, сен ауылдан келдің бе? — деп сұрады ол.

— Я.

— Председатель ауылда ма, көрдің бе?



— Мен бұл ауылдікі емеспін, «Жаңа өмірден» келдім.

Әскери гимнастеркалы кісі Досанның жай қыдырып жүргенін білген соң оған ақыл айта сөйледі.

— Өзің үп-үлкен жігіт көрінесің. Бұлайша ел қыдырып жүруің ұят емес пе, а, қалай ойлайсың? Колхозға көмектесу керек қой... Атың кім? — Досан? — Ал, Досан, қазіргі кезде сен секілді балалар колхозда үлкен күш болып отыр. Мына жүрісің жарамайды, достым. Жәрдемдесу керек колхозға. Мен жақында ауылдарыңа барамын. Сонда сенімен тағы да көрісемін, атыңды ұмытып қалмайын, — деп, әлгі адам төс қалтасынан қойын дәптерін алып, жазып қойды...

Бұл адам аудан қызметкері болса, Досан таныр еді. Сондықтан жоғарыдан келген үлкен өкілдің бірі шығар деп жобалады ол. Ұялып бетінен оты шығып кетті, «мұнда неге келдім екен» деп өкінді.

Көзін қыйғаштай таңып алған әлгі адам түскі үзіліс кезінде шөпшілерге Ұлы Отан соғысының бір жылдығы жөнінде лекция оқыды. Лекциясы аса тартымды мәнді болып шықты. Окта-текте тапқыр сөздерімен жұртты күлдіріп, көңілдендіріп қойып, желдірте жетектеп отыратын өзі де шешен адам екен. Оның айтқандарынан Досан үшін күңгірттеніп қалған бір сөз жоқ. Ол лекцияны тыңдап отырғанда бүкіл майдан халін өз көзімен көріп шыққандай болды. Өзгелер де қас қақпай тыңдады.

«Бекер адам үлкен өкіл бола ма» деп ойлады Досан.

VIII — тарау

Бірнеше күн өтіп кетті. Балалардың пішендегі өмірі біртіндеп қалыптасып, белгілі дағды ала бастады. Жұмыс қарқыны күннен күнге жандана түсті: балалардың көпшілігі күндік норманы асыра орындайтын болды. Болаттың жұмысқа қырсыздығы күн өткен сайын жұқару үстінде, ол тоқсан проценттің біресе ар жағында, біресе бер жағында көрінеді. Жүзге қылқылдап барып қалатын күндері де болады. Бірақ қалай дегенмен істің оңға басып бара жатқанын айқын көріп, өз мүмкіндігіне оның сенімі артты.

Сержа болса, ол тізімнің жуан ортасында жүр. Осы бір ештеңеден таймайтын, алмастай өткір, отты баланың жұпыны бойында берік сіңіп қалған партизандықпен қа-

тар соншама терең сүйкімділік те бар. Сырт көзге айғайшылығы басым, менмендігі биік біреу секілденгенмен, жарқын жүзді, көңілді қарым-қатынасымен, еңбек сүйгіштігімен балалар арасында зор құрметке ие болды. Мүмкін өзгелерге қарағанда оның отанға сіңірген тағымды еңбегі барлығынан, ол жауынгерлік медаль иесі болғандықтан солай шығар...

Балаларға Сержа баяндаған ауыр қайғы да аян. Ол көз алдында жан анасынан мезгілсіз айрылған, сәби көңілі сынық жан. Төрт көздері түгел, бейбіт өмір сүріп тұрған шақ тап кеше ғана болғандай есінде. Сүйікті анасы кең пейілді, жылы жүзді бар сүйкімді тұлғасымен, алуан асыл мінездерімен, өнер көркімен осы маңдағы бір жерде тірі жүрген секілденеді. Оның мәңгілік өлгеніне Сержаның сенгісі келмейді. Біліп тұрып, әдейі өтеді. Ол анасын өлдіге қыймайды. Егер анасының суық өлі бейнесі елестесе, жаны түршігіп кетеді. Енді қайтып оны маған көру жоқ қой, мәңгілік көре алмаймын қой деген ой келгенде нағыз ашы қайғы өзекті қуырып жібереді. Мұндайда Сержа еріксізден егіліп жылап алады... Жолдастарынан құпия жылайды...

Бір мезгіл Сержа қымбатты папасын ойлайды. Үнемі жұмыс басты болып жүретін, қолынан сары папкасы түспейтін ол да бір ерекше ізгі жан еді. Оның да бар мінез-кейпі бүгінгідей боп ойға қатталған. Сержаны қасына отырғызып алып, машинамен колхоз аралап кететін. Ненің жақсы, ненің жаман екенін үнемі тәлім етіп айтып отыратын. «Осының бәрін сендер үшін, жастар үшін істеп жатырмыз. Осыған ие болып қана қоймай, ілгері дамытып апаратын адам болып шығуға әзірленулерің керек» дейтін ол Сержаға. Сол баулушы, ақылшы әке өлі ме, тірі ме? Тірі болса қайда? Қандай күйде? Бұл жағы да Сержаға тұңғыш ауыр жұмбақ...

Бірақ тағдырдың мұнаша ауыр соққысына Сержа қаусаған жоқ. Қайта пісе түсуде, өткірлене түсуде. Ол жыртқыш жаумен белдесіп, партизан болды. Енді міне өзі тілсізін тапазанын түнге шейін шөп шауып, ұлкендердің жұмысын атқарып жүр. Осының бәрине оны күштеуші кім? Қаршадай баланы мұндай «ауыр жұмыстарды істеуге мәжбүр еткен немене? Ешкім де емес. Ол өмірді сүйеді. Отанды сүйеді. Өмір сүре бергісі келеді. Сондықтан да қатер бұлты төніп тұрған осындай ауыр шақта жастығын, дене олқылығын ұмытып, қымбатты анасы — Отанына жанкыярлықпен қолқабыс етеді. Бір Сержа емес, барлық балалар да солай. Балалардың бұл еңбектенуі сын сағаттағы ұмытылмас ерекше асыл мақтаныш!

Балалар еңбегі зор күш, колхозға келеді көмек екені тайға таңба басқандай көзге айқын түсті. Тау қоршаған кең алқапты өрлеп, ұзап кетіп барады бұлар. Артта құжынаған сансыз шөмелелер мен көп маялар қалып жатыр. Машинаны балалардың шатырының қасына тағы да екі шатыр қатарласа тігіліп, қоныстың аумағы кеңейді. Бұл шатырлардың бірі шөмелеші қыздар мен келіншектердікі де, бірі ат тырманылар мен маяшылардікі. Осылайша адам саны өскен соң, мұндағы думан-сауық та молайды.

* * *

Мұнда, тау ішінде, күн, көбінесе, түстен кейін жауады. Түскі үзіліс кезінде ауа райы бұзылып, аспанды жентектеле сықасқан қара бұлт торлап кетті. Әуелі сирек себелегенмен, біртіндеп жанбыр тамшысы жиілей беріп, ақыры сатырлап төгіп берді. Бұлт ағыны дауыл сапырған дарияша аласапыран болды да кетті. Бүкіл бұлт атаулы осы кең аңғар сайдағы мына томныйған үш шатырды ғана нысана етіп алып, барлық суымен осыларды шомылдырғысы келгендей, тік төбеде бұлқан-талқан боп, шырқ үйіліп тұрып алды. Бұлт пен бұлт қақтығысып, майдандасып жатқандай көк жүзінде ойран-топай әрі қызық, әрі ашулы көрініс: күн көзі осының ішінде дарияға батқан алтын табақша жым-жылас жоқ болды. Бір толастап, бір сіркіреп төгіп тұрған мазасыз жауын бар-

лық жұмысты қалшытып тоқтатып тастады да, адамдарды шатырға қуып тықты.

Осы бір мезгілсіз демалыс кезінде біздің кейіпкерлеріміздің біреулері газет-журнал оқып, екіншілері шахмат-дойба ойлап, үшінші біреулері «Огонектің» соңғы бетіндегі кроссвордты шешумен ойға шомып отырғанда, Сержаға бір құнды пікір туа қалды. Ол аудандағы оқушы балаларға арнап аудандық газеттің бетінде ашық хат жазуды ұсынды. Сөйтіп барлық балаларды жазғы демалыс кезінде колхозға жәрдемдесуге, жауды тезірек жеңу үшін қолдан келгеннің бәрін аймауға шақырайық деді.

Біреулер Сержаны ду коштады да, біреулер оған қарсы шықты. Балалар осы да колхозға көмектеседі, сондықтан біздің хатымызды газет баспайды, қайта күлкі етуі мүмкін деді қарсы болушылар. Оларға: мына «Пионерская правданы» қараңдаршы, Москвадағы бір мектептің пионерлері Совет Одағының барлық оқушыларына үндеу жазып, темір сынықтарын мол жыйнап тапсыру үшін жарысқа шақырып отыр деп көрсетті Сержа.

Айтыс-керіс басталды. «Жазайық, жазбайық» деген екі ұсыныс ұзақ талқыланып, ақыры таусылмас дауға айналып бара жатқан соң, Қожаш ресми түрде дауысқа қойды. «Жазайық» көпшілік дауысқа ие болды.

Ашық хаттың тексті жазу тіпті қыйынға соқты. Бірінші айтқанын бірі жақтырмай, бәріне ұнайтын қыйсынды сөйлемдер сирек қолға түсіп әуреледі.

Ақыры балалар ұзақ отырып, сан өшіріп, сан түзетіп ашық хатты айтуір жазып бітті. Келелі-келелі міндеттер алды. Жазғы демалыс кезінде колхоз шаруашылығында істеп, ең кемі 30-40 еңбек күннен табамыз деді. Хатты іштеріндегі ең жазуы тәуірі асықпай отырып, майпаздап көшіріп шықты. Хат концертке салынды да, ертесінде аудандық газеттің редакциясына жөнелтілді.

IX тарау

— Коммунизм кезінде мектепте директор бола ма?

— Болмайтын шығар...

Құрмаштың аяқ астынан берген мына сұрағы мен оған Әнуардың жедел қайтарған жауабы тынығып жатқан балаларды ду күлдірді.

— Кеш жарық,— деп, осы кезде үйге, көбінесе, партия қызметкерлері киетін қайырма жағалы сары диагональ кител, сол түстес галифе және жұлығы ақжемделіп, өкшесінің сырт жағы ойсырай мүжіліп кеткен керза етік, басына ақ кенеп фуражка киген қызыл шырайлы, орта бойлы бір жас жігіт кіріп келді. Балалар мезгілсіз уақытта келген битаныс адамға бастарын көтере қарап, сұлап-сұлап жатқан бойларын тез-тез жыйнай бастады.

— Тынығып жатырсындар ма, балалар, мен сендерге қонаққа келдім,— деді әлгі битаныс адам күлімдей сөйлеп, төрге шыққысы келген ниет білдіріп.

Балалар жабырлай тұрысты.

— Таанысын қояйық әуелі. Мен аудандық комсомол комитетінің секретарымын. Фамилиям Жолдыбаев. Бұл ауданға келгеніме онша көп болған жоқ. Сендердің редакцияға жазған хаттарың бойынша әңгімелескелі келдім.

Жолдыбаев балалар босатқан төрдегі орынға малдас құрып отырды.

Балалар әлі де отырмай, бұл бізге не айтқалы келді екен, құптар ма екен хатымызды, жоқ әлде құптамас па екен деген сөздерді бірі мен бірі қабақ арқылы ұғысып, қобырасқан күйі қалып еді.

— Отырыңыздар,— деді Жолдыбаев екі жағындағы тұрғандарға кезек-кезек қарап, сосын ол жұмыс жайын, кімнің қалай істеп жүргенін сұрастырды. Осылайша көп саладағы жаппай әңгіме туып кетті.

Бір көріп сөйлесе бастағаннан жылы ұшырап, өзіне тартып алатын жандар болады. Ондай адамдардың алдында өзіңді тап бір жақын досыңмен сөйлесіп отырғандай-ақ еркін ұстайсың, біраздан соң сөзшең де болып

кетесін. Жай күндері ойынның қағнарларында шөгіп жататын, өз бетімен жұртқа сарапқа сала қоймайтын елеусіз пікірлерің, өзіндік топшылауларың мұндайда байып, еркін жосылып сыртқа ақтарылады. Өзгелерден құпия ұстап келген сырсымақтарыңды да мұндай адамдардан бүгін қалуға шамаң жетпейді. Оны сонынан аңғарып, бұл жеңілтектің үшін өкінгендей де боласың. Ол адам қасыңнан кетпеуін, әңгімелесе түсуді тілейсің, Аудандық комсомол комитетінің секретары Жолдыбаев тап осындай кісі болып шықты. Әрі көп білетін, әзілқой, ашық-жарқын жан екен. Ол тамаққа шейін бірғауым әңгімелесті де, балалармен бірге отырып тамақ ішті.

Тамақтан соң ғана Жолдыбаев ашық хатты сөз етті. — Тамаша бастама, — деді ол, — біз оны газетке жақында жариялауға ұйғардық. Игілікті бастама. Сендердің бұл шақыруларыңа аудан көлеміндегі жүздеген оқушылар жаңғырықтыра үн қосатыны сөзсіз. Ал, мұндай тарихи документтің авторлары әуелі осыған лайық жандар болуы керек қой. Осы мақсатпен мен сендермен ди-

береді. Қуанышында шек жоқ. Екі езуі екі құлағында

«Жолдыбаевтың өзі не деген алтын адам еді! Тағы да келер ме екен мұнда. Бетінен шөп-шөп сүйіп алар едім» — деп шаттанады ол. Бұрын оқый-оқый мезі болған өлеңінің әр тармақ шумағы енді мүлде өзгеріп, асылданып қуанырып кеткен тәрізді, нағыз өлеңдік шырайы енді кіріпті! Әнуар деген өз аты мен фамилиясы семіз қара әріппен басылған соң бір түрлі ыстық көрініп, жүрегіне жылы тиіп барады...

Х тарау

Көше бойымен олай-бұлай жүріп, біресе үй үстіне шығып төңірекке қарап тынышсызданған Воронов ұста дүкенінің алдына қайта келіп тағы да:

— Ал, қалай, тезірек болатын ба? — деп сұрады шоферінен.

— Қа — а — а — й — дан болсын, — деп соза жауап қатты машинаның астында шалқасынан түсіп, бірдеңені бұрап жатқан шофер, — моторды ақтару керек секілді.

— Ене, жаттық десенші шоңқы-йып... Енді не істеу керек? Қалай жеттім... Сағат он бірден асып кетті...

Ол күндіз-түні бір тыным алмай, бармаған жер, баспаған тауым қалмай қажалып, қаңсып жүдеп біткен ескі «Виллиснің» шаң көмген денесіне әрі аяп, әрі кейіп қарап тұр еді. Осы кезде ұста дүкенінің алдына жал-құйрығы төгілген үлкен кара ат жеккен бір аттық бричка келін тоқтай қалды. Ұзын камшысын бүктей ұстап, бричкадан Досан секіріп түсті. «Бұл баланы таныйтын сыяқтымын ғой» деп Воронов бір мезет сүзіле қарап қалып еді, онымен «Социалистік Қазақстан» колхозында кездескені есіне келе қалды. Вороновты Досан анадан-ақ бірден таныған еді, ол тура кеп сәлем берді.

— Саламатсыз ба.

— Саламат боларсың, балақай, халың қалай?

— Хал жақсы.

— Колхозға көмектесіп жүрмісің?

— Я, арба айдап жүрмін.

— Жарайсың! Сен қазір қайда барасың?

— Таудағы шөпшілерге азық-түлік апарамын.

— Мен де солай бармақшы едім. Машинамыз бұзылып қалып... Сен ала кетесің бе мені, қашан жетер екен біз?

— Бір сағатта-ақ барар едік...

— Енді не бөгет болып тұр?

— Ештеңе де бөгет емес. Бірақ мынау ат шабандау еді...

— Өзі болдырмай ма?

— Алматыға барса да болдырмайды. Жалын ұстап көрсеңіз, кере қарыс. Бірақ...

— Болдырмаса камшылаймыз. Екеулеп бір атты жүргізе алмаймыз ба? Ал, мұнда аялдайтын басқадай шаруаң бар ма?

— Жоқ. Тек бір гайкаларды бекемдеп бұрай салып...

— Бол, тездет ендеше. Түскі үзіліске шейін жетеміз бе?

Досан күнге қарап тұрды да:

— Жетеміз — деді сеніммен.

(Жалғасы бар)



дарласып, нақтылы істеріңмен танысқалы келдім. Ертенгі күні ту қып желбіреткен сөздеріңе істеріңнің өресі сай келмей қалса, ол абұйыр емес. Солай емес пе?.. Партия баспасөзінің бетінде ашық хат жариялаудың жауапкершілігін өздерің де алдын-ала жете ұғынып, зерттеген боларсыңдар?

Балалар бір біріне салмақпен, ауыр ойлана қарасып қалды.

— Мен ашық хаттарыңды біраз редакциялап қайта жаздым. Соны оқып берейін, артығы болса алып тастаңдар да, олқысы болса, толықтырыңдар. Содан бұл хатты қабылдайтындарың қолдарыңды қойыңдар.

Жолдыбаев планшеткасынан бір парақ қағазға машинкамен басылған ашық хаттың текстін алып ентелей кеп қоршап алған балаларға дауыстап оқып берді...

Осыдан кейін балалар аудандық газеттің жаңа номерін асыға күтумен болды. Арыда екі күн өткен соң ол келіп те жетті. Міне қуаныш! Кешегі қыял — бүгін шындық! Бұлардың ашық хаты да, Әнуардың өлеңі де осы санда басылыпты. Бірінші бетте! Балалар үймелесіп оқып жатыр. Әсіресе Әнуардың қуанғаны-ай десеніңші! Күлім қағып біресе газет бетіне, біресе жолдастарына қарай

Вожатый

Әңгіме.

— Неге, бұл сенің анау шегелеріңнен жаман ба?

— Әңгіме онда емес.

— Енді неде?

— Әңгіме сенің тәртібінде, — деді Амантай байсалды түрде, — бұл қоғам мүлкі, оны алуға болмайды...

— Қоғам мүлкі деген мынау парта, стол, бөлме, мектеп, класстар, — деп Садық шұбырта жөнелді, — ал шеге қоғам мүлкі болмайды, бұл өте кішкентай.

— Бұл шегені қай жерден алдың.

— Орындықтан.

— Орындық қоғам мүлкі ғой, я ма?

— Я.

— Олай болса, онда тұрған шеге неге қоғам мүлкі емес, — деп Амантай қыса бастады.

— Әй қойшы, осы сен-ақ білгіш боласың да тұрасың, — деп Садық қолындағы шегені лақтырып жіберді де, есікті тарс ұрып шығып кетті. «Көрерміз» деген оның зілді даусы естілді. Коридорда тұрған аға вожатый Зулфахан Садықтың есікті тарс ұрып шығып кеткенін көрді де, балалардың бір нәрсеге ренжігенін сезіп, білуге асықты.

— Садық, — деді ол өзінен өзі күбірлеп кетіп бара жатқан Садыққа. Садық естімеді, жүгіріп кетті.

* * *

Сабақтың соңғы кезі еді. Ыскак мұғалім кітаптарын жыйнастыра тұрып, тапсырманы қайталап айтты.

— Ұмытып кетіп жүрмеңдер.

— Ұмытпаймыз.

Залда қоңырау соғылды.

— Аһа, қоңырау соғылды, — деді Садық өзгеден бұрын дауыстап.

— Неменеге айғайлайсың? — деді Асекен оған.

— Саған не сөз келді?

Бұлардың сөзі шығып бара жатқан мұғалімнің құлағына шалынды да, ол кідіріп:

— Садық, тәртіпсіз болма! — деді.

— Қойдым, ағай.

Оқытушы шығып кетті. Балалар тарамалды. Аз уақытқа үнсіз тынып қалған класс үшін Садықтың қатты айғайы жанғыртып жіберді.

— Маған қарсы сөйлеуді қой, — деді ол Асекенге түйіле қарап.

Қысыңқы келген өткір көзі әдеттегісінен кішірейіп, дөңгелек жүзі қызғылттанып тұнып



Асекен мен Амантай бөлменің кең қабырғасына тырмысып әртүрлі әдемі плакаттар іліп жатты. Бұл мектептің онжылдық мерекесіне арналған бір кластың тартуы еді.

Екі бала жұмыстарын істей жүріп, сөйлеуден де тынбады. Бұл кәдімгі бір сәт келісетін бала дүниесінің сөздері еді.

— Біздің бөлмеміздің қандай жайнап тұрғанын басқалар көрсін, — деді көңілін мақтаныш билеген Амантай.

— Жоқ, біз басқаларды кіргізбейтін болайық, я ма? — деді Асекен.

— Не үшін.

— Бізден көріп олар да істейді ғой.

— Істей берсін...

Осы кезде есік шалқасынан қатты ашылды да, үйге Садық кіріп келді.

— Неге тұрсыңдар! — деп сұрады ол бөлме ортасында біріне-бірі қарап тұрған екі баладан.

— Шегеміз таусылып қалды, — деді Асекен.

— Іздемесе табылушы ма еді.

— Тапсаң, іздесеңші, — деді Амантай теріс қарай беріп.

— Іздесе несі бар, — Садық жүгіріп барып, орындықта қыйсайып шығып тұрған бір шегені жұлып алды. — Міне таптым да қойдым.

— Ол шегені алуға болмайды, — деді Амантай

тұр. Сыяға малынған саусақтары сумкасының бұрышын укалап сабырсыз қыймылдайды.

— Онда сенің жұмысың болмасын.

— Сен үшін бәрімізге ұят келеді.

— Мен үшін сен ұялмай-ақ қой,— деді Садық үзіп-үзіп сөйлеп. Оның ұзын кірпіктері қыймылсыз қадалады. Жіңішке қасының үстінде белгісіз діріл бар. Пиджагінің сыртына шығып тұрған галстугінің ұшын тершіген қолымен қатты қысып уыстап алған.

— Галстукты укаламасайшы.

— Жұмысың болмасын дедім ғой.

— Сыялап тастадың,— деді Асекен жолдасының қолынан галстукты тарта беріп.

— Тиіспе,— Садық оның қолын қағып жіберді.

Асекен кейін шегінді. Ақшыл жүзі күренітіп түнере қалған. Екі ұрты томпайып, өкпелейді. Үлкен көздің ұясына жас толып, булыққандай.

Үнсіз бақылап тұрған балалар екеуінің қасына үйіріле қалды. Барлық көздер Садыққа тесіле қадалып ұшқын атады. Кей бірі Асекеннің қызарған қолын көріп тұр.

— Қолын қағып тастауға қандай қақын бар?!

— Галстугінді сыялауға ұялсайшы.

— Бұл пионерге жатпайтын әдет!

— Кеше орындықтың шегесін жұлып алғаны тағы бар,— деген дауыстар класс ішін кернеп кетті.

— Оқытушыны алдайтының тіпті ұят,— деді Рыскүл балалардың даусы бәсендеген кезде.

— Кім алдапты?

— Тапсырманы орындаймын деп уәде бердің де, орындамай келдің. Алдау деп осыны айтады.

— Қолым тимесе қайтемін.— Садық бұрынғыдай қызарактамай сынып, жуасып қалды.

— Не істеп жүр екен сонша?

— Ауырдым,— деді Садық баяу.

— Өтірік айтасын...

— Жүріңдер үйінен сұрайық.

— Жүріңдер апайға айтайық,— деді Амантай сумкасын бұлғап. Балалардың тергеуі лезде тынды да, барлығы пионер бөлмесіне беттеді.

Шетте қалған Садық үйіне көңілсіз қайтты.

* * *

Пионерлермен Зулфахан кен залда кездесті. Оны көргеннен-ақ балалар жүгіріп келіп жан-жақтан қоршап құшақтап алды. Осы бір кішкентай құшақтар мен монтылған жүздерден ысы татулық білінгендей.

— Сонымен пионерден шығарайық дейсіндер ме?

— Я, шығарайық, апай.

— Онымен бірге де жүрмейміз дейсіндер ме?

— Бірге де жүрмейміз.

— Дос та болмаймыз дейсіндер ме?

— Дос та болмаймыз.

— Бұларың келіспеген екен.

— Неге, апай? — Балалар вожатыйға қарады. Зулфахан коллектив міндетін сөйлеп кетті...

...Енді бірде өз күштеріне шақтап мақсат бөліскен кішкентай тәрбиешілер әлгіде ғана аулақ қашқан жолдасын қатарға қосып, құшаққа қысуға асықты.

* * *

— Неге шақырды екен? Ұрсуы да мүмкін ғой,— деп сезіктеніп келген Садықты Зулфахан жылы жүзбен қарсы алды.

— Кел, отыр, сөйлесейік,— деп вожатый оны өз қасына шақырды,— үйден келдің бе?

— Я, үйден келдім,— деп Садық жақын келіп тұрды. Тағы не сұрар екен?

— Үйде бүгін қандай жұмыс істедің? — Вожатый күле қарайды. Осы апай тілген ашулана білмейтін шығар, ондай кезін Садық бірде көрген жоқ қой.— Мамаңа көмектестің бе?

— Аһа, көмектестім.

Бұл шамадан баланың тартыншақтап тұрғанын сезген вожатый әңгімені басқаға бұрды.

— Айтпақшы, сенің көгершіндерің бар еді-ау, қалай оларды өсіру қызық па екен?

— Өте қызық, апай. Өздері сондай әдемі, жем берсең тұмсықтары тырсылдап тереді де жүреді. Көздері қандай дөп-дөңгелек, қап-қара!

— Ұшырып тұрасың ба?

— Аһа, күніне екі рет ұшырамын, таңертен, кешке. Кешке ұшырған сондай жақсы. Жүндері қып-қызыл боп құлпырып кетеді.

— Олар тәртіп бұзбай ма?

— Қалай дейсіз? — Садық шегіне түсті.

— Мәселен, ұшып кетіп қайта оралмай, тәртіпсіздік жасамай ма деймін.

— Жоқ, ондай істеген жоқ.

— Ал істесе қайтер едің?



— Онда тәртіпке шақырам ғой, — деп Садық төмен қарады.

— Тәртіпсіз болғандардың бәріне де солай істеген дұрыс па?

— Қалай дейсіз?

— Шара қолданса деймін.

— Білмеймін.

Садық қып-қызыл болып кетті.

— Апай, мен бұдан былай тәртіп бұзбаймын...

Зулфахан ойға кетті. Оның алдында кінәсін мойнына алған жас адам тұр. Ол уәде берді. Шын уәде ме осы? Әрине, шын. Өйткені ол алдап әдеттенген жоқ қой. Еидеше сену қажет. Бір ғана сену аз, коллективте тәрбиелеу керек!..

* * *

Келесі күннің кешіне пионерлер бөлмесіне жыйналған балалар қызу әңгіме соқты.

Бүгін олар өскенде кім болатындығы туралы айтты. Мұны алдымен Рыскүл бастады. Ол қасындағы Садықты түрткі қалды да: «Өскенде кім боласын?» — деп сұрады.

— Мен ұшқыш боламын, — деді Садық.

— Ал сен ше? — деді Рыскүл Асекенге.

Асекен алысқа жүзудің капитаны болатынын айтты.

— Егер ол қолыңнан келсе? — деп қағытты Амантай.

— Неге келмейді. Былайша тұрып алып (ол иығын қомдады), дүрбіден былайша қарап жіберіп (екі алақанын қусырып көзіне апарады), «Бар жүріспен алға» — деп команда беремін. Сонда маған: — құп, бар жүріспен алға, — деп қайталап жауап қатады. Пароход жүйткі береді, жүйткі береді, мен осылайша алға қарап тұратын боламын, енді түсінікті ме? — деп ол қалтырып тұрып қалды. Барлығы да күліп жіберді.

— Ал өзің айтшы, сен кім боласын? — деді Асекен Амантайға.

— Мен апай сыяқты вожатый боламын.

— Тәртіп бұзғандарды пионерден шығара бересің ғой, солай ма?

— Неге шығарамын, тәрбиелеймін..

— Вожатый болған жақсы ғой, солай емес пе, апай?

— Жолдастарыңның арасында үлгілі болсаңдар, бәрің де вожатый болғандарын, — деді Зулфахан оларға.

А. Құдайбергенов

Горький және балалар

Пролетариаттың ұлы жазушысы, коммунизм құру жолындағы қажымас күрескер Алексей Максимович Горький 1936 жылы 18 июньде қайтыс болды. Өзінің барлық өмірін жаңа дүниені жырлаумен өткізген көркем сөздің асқан шебері Горький совет балаларының да сүйікті жазушысы еді. Ол балаларды болашақтың мұрагерлері деп есептеп, жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөлді. Балаларды жасынан отаншылдық рухта тәрбиелеп өсіруді көкседі.

Жастайынан жоқшылық пен қорлық көріп өскен жазушы өзінің алғашқы әңгімелерінің өзінде-ақ капитализмнің бала еңбегін қанау саясатына қарсы шықты. Оны әшкерелеп жазды. Алексей Максимович Горький өзінің творчестволық қызметінің алғашқы кезінен бастап жазушылық өнерін жастарды тәрбиелеу ісімен де байланыстыра білді. Алексей Максимович 1899 жылы Нижегородта балалар үшін тегін катоктың ұйымдастырылуына себепкер болды. Ол жастардың бақытына да, күйінішіне де ортақтасып отырды. Гүлденбей жатып өмірдің ауыр тепкісіне ұшырап сөнген миллиондаған орыс жастарына жаны ашыған ұлы жазушы

өзінің көптеген еңбектерінде бұл үшін помещиктік-буржуазиялық құрылыстың кінәлі екенін ашып көрсетті. Семьядағы тәрбие туралы 1910 жылы болған III-халықаралық конгресте Алексей Максимович «Балалардың жалпы дамуы» деген тақырыпта баяндама жасады.

Горький әр уақыт балаларға болашақтың көзімен қарауды үйретті. Ол баланы болашақ өмірдің құрылысшысы деп есептеді. Баланы тәрбиелеуде ең алдымен оған өз Отаны туралы түсінік беріп, оны Отан сүйгіш патриот етіп өсіруді мақсат етті. Алексей Максимович: егер біз өз өміріміздің жаңа жолмен өркендеуін тілейтін болсақ, егер біз ескі қоғамдық құрылыстың психологиялық негізінің өзгеруіне күштар болсақ, істі балаларды тәрбиелеуден бастауымыз керек, — деп үйретті. Сонымен бірге ол бұл игілікті істің тек совет үкіметі тұсында ғана дұрыс жолға қойылып отырғанын айтты.

Горький Совет Одағының барлық түкпір-түкпіріндегі оқушы, пионерлерден хат алып, оларға үзбей хат жазып, тығыз байланыс жасап тұрды. Өзінің балаларға жазған жауап хаттарында оларға әкелік ақылды айтып, ба-

лалардың сән түрлі сұрақтарына жауап беріп отырды.

1935 жылы Алексей Максимович Игарка қаласының оқушы пионерлерінен хат алды. Балалар бұл хатта Горькийге өздерінің қызықты өмірлері, қалай оқып жүргендері туралы әңгімелейді. Нені арман ететіндерін жазады. Сонымен қатар, олар Игарка оқушыларының тұрмысынан қалай кітап жазудың жолын сұрайды.

Горький бұл хатқа жазған жауабын: «Болашақ дәрігерлер, инженерлер, танкистер, акындар, ұшқыштар, педагогтар, артистер, өнер тапқыштар, геологтар, сіздерге шын жүректен шыққан сәлемімді жолдаймын», — деп бастайды.

Ұлы жазушы балалардың болашағы жарқын, келешегі мол екенін, алдында қандай міндеттер тұрғанын айта келіп, бақытты балалардың Отаны — Совет елінің өсу, өркендеу жолын баяндайды. Советтік жаңа шаруашылықты меңгеру, ғылым мен білімді игеру — жастардың міндет екенін әңгіме етеді.

Атақты совет педагогі А. С. Макаренко басқарған Горький атындағы балалар колониясымен Алексей Максимович өткізген хабарласып тұрған. Горькийдің әдебиеттік қызметіне 35 жыл толғанда, балалар колониясында тәрбиеленушілер жазушыға былай деп жазды:

«...Сіз біздің адамсыз. Сіздің өмірлік жолыңызды біз өзімізге идеал етіп қойдық және сізге деген сүйіспендік сезім арқылы біз сіздің атыңызды иемденіп отырмыз. Сізге жалынды сәлем жолдаумен қатар, жұмысыңызда ең жоғары жетістіктерге жетуіңізге тілектестік білдіреміз».

Алексей Максимович Горький тек қана жазушы емес, аса көрнекті педагог. Оның бағалы педагогикалық пікірлері де бар. Ол бала дамуының алғашқы кезеңіндегі ойыншық пен ертегінің тәрбиелік мәнін дұрыс көрсетті. Ертегі баланың эмоциялық дамуының көзі болып табылады дейді ол.

Горький баланы тәрбиелеудегі негізгі құрал деп, кітапты аса зор бағалаған. Ол:

«Кітапты сүйіндер! Ол сендердің өмірлеріңді жеңілдетеді. Ол сендерге адамды және өздеріңді өздерің қадірлеуді үйретеді. Ол ақыл-ойыңды, жүрегіңді дүниеге, адамға деген махаббат сезіміне бөлейді» деп жазды.

Горькийдің коммунизм орнату жолындағы жалынды күресі, Отанына және халқына адал қызмет етуге арналған жарқын өмірі, көптеген совет балаларына үлгі. Горькийдің шығармаларын жастарымыз жанындай сүйіп оқыйды.

Оның шын өмірден алып жазған реалистік шығармалары жастарымызды советтік патриотизмге тәрбиелейді. Ол жастарды табандылыққа, кездескен қиындықтан қорықпауға, оны жеңе білуге, істегі кездескен уақытша сәтсіздікке мойымауға, алға белгілі мақсат қойып, сол мақсатқа жете білуге үйретеді.

Алексей Максимович Горькийдің болашақ өмірдің иелерін сүйі, оларға дұрыс тәрбие бер

ру және олардың жарқын өмірлерін қорғаудағы айтылған сөздері бүгінгі кезде де, соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы күресте, болашақ құрылысшылардың қымбатты өмірін сақтау жолындағы күресте аса күшті айбынмен естіледі.

Бектенов Х.



Горький немерелерінің қасында

Жас шеберлер

Очерк

Балалардың техникалық станциясы қалалық парктің ортасындағы үлкен үйдің үшінші эта-
жында орналасқан. Қазір оқу жылының шешу-
ші кезеңі бола тұрса да, жас шеберлер сабақ-
тарын тапсырысымен станцияда болып қайта-
ды. Быйылғы оқу жылында техникалық стан-
ция мектептерге үйірме ұсқаушыларын даяр-
лап шығарды, пионерлер техника негізімен
танысты. Мәселен, 9-класстың оқушысы Вена
Шемякинді станциядағы шеберлер ғана емес,
қала оқушылары, Алматының пионер сарайы-
ның авиомодельшілері де біледі. Оның бензин
моторлы фюзеляжды моделі авиомодельшілер-
дің республикалық жарысында мақтау алған.
Ол қазір реактивті самолеттің ұшатын моделін
жасап шығарды.

Техникалық станцияның электротехникалық
мастерскойы оқушыларға әрдайым толы, кө-
ңілді болады. Мұнда балалардың өздері кү-
растырып жасаған үлкенді-кішілі түрлі матор-
лар, радио шөлмектері, кішкене төс пен болат
аралар көп кездеседі. Балалар темір жолының
үлкен макеті кең түкпірді ала көсіліп жатыр.

Жалан әдеттегісінше паровоз тәрізлес бу
двигательінің әрбір бөлшегін бір ұстап көрді де,
трубасының босаған жерін паяльникпен мық-
тап бекітті. Енді қайыс белдік кигізетін дөңге-
лекті қондыру керек. Алғашқыда Жаланға
дөңгелекті қондыру оңай сыяқты көрінген еді.
Бірақ олай болып шықпады. Кішкене дөңгелек
еркін айналмайды, бу дви-
гательінің корпусына тіреле
береді. Не істеу керек?

Жалан чертежға қарап
ұзақ отырды. Қанша рет өл-
шеп, қырлы егеумен егеген-
мен, дөңгелек қозғалар
емес. Ол техникалық стан-
цияның бастығы Александр
Алексеевичтен дөңгелектің
айналмау себебін сұрағысы
келді де, бірақ оны өзіне
намыс көрді. Өйткені кеше
Александр Алексеевич бу
двигательінің қолына алып тұ-
рып: «Енді жұмыс қыйын
емес, тек дөңгелекті айнал-
дыратын қайыс кигізуі қал-
ған екен» деген-ді.

Жалан бу двигательінің
корпусын жанына қойды да,
локомотивті қалай жасау

жөнінде көмекші құралды ақтарыстыра баста-
ды. Одан дөңгелектің айналмау себебін біл-
мек. Дәл осы кезде сабақ тапсырып қайтқан
Павел:

— Кітапты несің ақтарып жатырсың? — деп
Жаланды күшпай алды. Павелдің келгеніне
қуанған Жалан:

— Немен құттықтауға болады, Павел, — деді.

— Көңілдегідей, — деді Павел.

Павелдің бұл сөзінен оның орыс тілінен бес-
тік баға алғанын Жалан бірден ұқты. Бір
істі сәтті аяқтағанда екі беті албырап, мөлдір
көк көзі ойнақшып тұратын Павелдің әдеті
еді. Жалан бу двигательінің қолына алды да:

— Көрдің бе, Павлушка, мына дөңгелек қа-
лай етсем де айналмайды. Себебін таппай
отырғаным, — деді.

— Рычагты байқадың ба? — деді Павел бу
двигательінің корпусының үстіндегі ұзынша кіш-
кене темірді ұстап.

— Жоқ.

— Онда дөңгелектің айналмайтын жөні де
бар. Қарашы, рычаг өз орнында емес қой.

— Көрмейтін кісі түйсіні де көрмейді екен-
ау, — деді Жалан Павелдің рычагты өз орнына
салып жатқанын көріп.

Сөйтіп Павел мен Жалан бу двигательінің жа-
сап бітірді. Оны тағы да тексеріп шықты. Осы
кезде авиомодельшілер үйірмесінен қайтқан
Александр Алексеевич Па-
вел мен Жаланның қасына
келіп:

— Міне, енді ертең ток
береміз, — деп ақырын ғана
езу тартты. Оның жүзінде
жас шеберлер ісіне сүйсін-
гендік бар еді.

Александр Алексеевич тұ-
йық мінезді, қатал, бірақ
әділ адам еді. Егерде электр
қозғалысы жақсы орнатыл-
маса, я сым темір шөлмекке
дұрыс оралмаса, кейде мо-
дельшілер самолеттің доғал
қанатын дұрыс жасамаса,
әрдайым «Чертежға қараң-
дар, неге асығасыңдар» дей-
тін. Тіпті оның аузынан мақ-
тау сөз есту де қыйын еді.
Егерде ол Шемякин туралы
бір нәрсе айтса, оны Вена-

Тәрбиеші — Отаның

— Мама, — десе,
— Құлыным, —
Дейді ана балаға.
Аялаған, өсірген
Қандай қымбат жан ана!
Сонша сүйген анадан
Ыстық саған Отаның.
Жанына сенсің балаған
Абройым, даңқым, атағым.
Тәрбиеші — Отаның
Мәпелеген, тербеткен,
Сталиндей атаның
Ұлдары өсіп ержеткен.

Б. Әшімов

ның өзі де ести қоймайтын, сыртынан айтатын. Ал Павел мен Жалан бу двигателі туралы, оның ток беруге жарайтыны туралы Александр Алексеевичтен еш нәрсе ести алмады.

Олар мастерскойдан шыққанда бу машинасын карап тұрған Александр Алексеевич:

— Ауыл шаруашылығының болашақ мамандары ғой бұлар—деді өзінен-өзі күбірлеп. Бірақ инженер сөзін Жаландар естіген жоқ.

* * *

Электрлендірілген колхоз ауылының макетін жасау! Өткен қыста электро-техникалық үйірменің мүшелері осы ниетпен көрші колхозға барып қайтты. Бұл саяхат тек Жалан мен Павелға ғана емес, үйірмеге қатысып жүргендердің бәріне зор әсер еткен еді. Колхозды ауылдың оңтүстік батыс жағында асау толқынмен көбіктеніп ағып жатқан үлкен өзен бар. Су электр станциясынан тараған сымдар түзу көшені қуалап, алыстағы мал фермасына дейін тіреледі. Ал, көктем кезінде бұл өңір Ильич шамының нұр сәулесіне бөленіп, одан сайын күлпыра түседі. Қыр басындағы маяктай мектеп үйі алыстан кез тартады.

Міне осы туған ауылдың көрінісін айнытпай қалай жасауға болады? Бұл сұрақ әрбір сая-



Шымкент қаласындағы Пионерлер үйі.
Суретте: (солдан оңға қарай) Т. Қожарқұлов,
А. Сатылов, Б. Оразымбетов, В. Чернышев.
Суретті түсірген **И. Назаров.**

хатшыны ойландырған еді. Бір күні олар инженер Коноваловқа келіп өздері ұсыныс жасады.

— Миллионер колхозды ауылдың макетін жасасақ қайтеді,— деді олар.

— Тек берілген тапсырманы ұқыпты орындайтын болсаңдар, көрікті ауылдың бейнесін жасауға болады,— деді Александр Алексеевич. — Ал, кімде-кім істің қиындығынан тайсалатын болса, онда қазір айтсын. Бастаған істі жарым ортада қалдыруға болмайды.

Өздері туған колхозды ауылдың бейнесін жасауға әркімнің-ақ қатысуы келді. Коновалов электр бағаналарын, сымдарды, үйлерді, мектеп жанындағы спорт алаңдарын кімдердің жасау керек екендігін айтты. Ең соңында Жалан Алиқұлов пен Павел Понимаскиннің есімдері аталды.

Жалан № 14 мектептің 7-класында, Павел Киров атындағы мектептің 6-класында оқиды. Колхозды ауылдың бейнесін жасаудағы игі мақсат бұл екеуін сырластырды, дос етті.

Жалғыз бұлар емес, өзен суын жасайтын балалар алғашқы да көк шыңының сынықтарын іздестірді. Бірақ табылған шыны бай колхоздың мол суына жеткіліксіз болғандықтан үлкен әйнекті су түстес сырмен сырлауға кірісті...

Міне, сол колхозды ауылдың макеті толық жасалып бітті. Енді ертен ток берілуге тиіс. Бұл хабар техникалық станцияға келіп жүретін барлық мектеп оқушыларына да кабарланды. Әсіресе, бұл күнді Павел мен Жалан да асыға күтті. Сол күні олар істегеніміз сәтті шығар ма екен дегендей, толқуда болды.

— Сен қалай ойлайсың, бу двигателі бізді ұятқа қалдырмай ма?— деді Павел.

— Жок,— деді Жалан досын сендіре.— динамо машинаны айналдыруға бу двигателінің күші жетеді.

* * *


Бұл күні техникалық станцияға облыстық пионер үйінің көптеген пионерлері келді. Миллионер колхоздың электр станциясының қалай ток бергенін көру әрқайсысына қызық та еді. Алғашқыда көктемнің қою, қаранғы кешінен кішкене үйлерді көру қиын болды. Бірақ бу двигателінің оттығына от жағылғаннан кейін динамо машинаның мотор үні естіле бастады.

— Жанды, жанды!

— Бірінші ток!— деген дауыстар естілді. Кішкене Ильич шамы колхозды ауылға өз сәулесін төге бастады.

... Жалан мен Павел үйлеріне кеш қайтты. Олар парктен ұзап шыққанда да кішкене мотор үні естіліп тұрды.

К. Тоқаев,
Шымкент қаласы.



Аңдар кеңесі

Ертегі

Айдалада, әлде-қайда алыс сахарада жүздеген жылдар бойы жасап келе жатқан ну орман бар-ды. Онда: карағай, үйенке, қайың, шырша, каратал тектес сан алуан ағаштар өсетін. Ағаштары күшақ жетпес жуан, әрі аралары өте жиі болушы еді. Ең қыйыны шыршауығы көп, аяқ алып жүргісіз. Күшақтасқан жапырақтан күн сәулесі де түспейтін. Орман іші күндіз де, түнде де түнереді де тұрады...

Тағы аңдар қыйсапсыз көп болды. Азу тісі ақсыйған қабан, майтабан аю, сыбдыр етсе селк ететін су жүрек елік, тік құлақ сақ қоян, алдаумен күні өткен жылпос түлкі — осы орманның бел балалары еді.

Осы орманда бәріне таныс екі аң бар. Біреуі — толқып жалды арыстан. Ол — аюдай тырнағымен, апандай аузымен, күндей күркіреген даусымен мықты. Оған «күрмет» әперген де осы қасиеттері. Екіншісі — бұлбұл. Ол — сұлу әуенімен күрмет иесі. Өзі сондай сүйкімді, еңбек сүйгіш, тірі жанға қастығы жоқ...

Озбыр арыстан аңдарды біртіндеп қыра береді, қыра береді. Сөйтін аңдардың күні көрісі қыйыңға айналады. Бір күні барлық аңдар үлкен жыйын шақырады. Ол шет пен бұл шеттегі аңдарды жыйып келуге әрі жүйріксің, әрі жылпоссың деп қоянды қасына ертіп, түлкіні жіберді. Құс атаулыны жыйнауға қарлығашты жұмсапты...

Жыйын үш күнге созылды. Әр қайсысы өз ойын айтты. Орталарындағы ең үлкені аю шонқыйған күйі, алдыңғы екі аяғын айқастыра қолтығына қысып, ауыр ой үстінде отыр.

Жалкесі күжірейіп, басы салбырап кетіпті. Қайтсын байғұс, көптің камын ойлау онай емес қой! Мол байлыққа кенеліп жүрген тек түлкі апай. Ол түн жамылып қонақтардың азығын аңдыды. Ұрлағанын үңгіріне тасыды. Сақ қоян селт ете қалса, көзін қысып алдап қояды, ойға шомып, түнжырап отырған әр аңның жанына барып құйрығын ойнатып, көңіл аулағансып, көз алдынан сылаң ете түседі.

Аю атай қонақтарға үш күндік азықтарыңмен келіндер деп бұйрық берген-ді. Ал, түлкі апай ол бұйрықты алты күндік азықтарыңмен келіндер деп, өз камын ойлап, өзгертіп жеткізді...

Бұйрығын орындамағаны үшін аю ата терісіне сыймай қатты ашуланды.

— Мұнша көп азықпен неге келесіндер? — деп жуан даусы гүж ете түсті.

Барлық ая көзі жаутаңдап, кінәлі мынау ғой дегендей түлкіге қарады. Оған қысылған түкен жоқ.

— Таксыр, мені айыпқа бұйырманыз. Асыл астың артығы жоқ. Сіз болсаңыз қартайдыңыз. Көңілсіз күз бен қара суықта қайдан азық талмап жүресіз. Артылған азық сіздікі...

Аю ата ақкөңіл ғой, ештеңе дей қоймады. Үшінші күні барлық аң бір келісімге келді. Мынадай аса маңызды хат жазылды. «Индия. Сенімді қорғаушымыз салпаң құлақ, алып дене, ұзын тұмсық піл ұлына. Тезірек келіп жауыз арыстанның аузынан құтқарыңыз»... Қатты жас қайыңның қабығына жазды. Аю ата мөр етіп жалпақ табаның, түлкі апай бұлан құйрығын басты...

Енді хатты апаратын кім болмақшы, соны ақылдасты. Ұзақ ойласты. Кімді жіберер ретін таппады. Ақыры көпшілік түлкі апай барсын деген ұсыныс жасады. Түкеннің қабағы түксініп, жүні тікелейіп, бойын қорқыныш биледі:

— Туыскандар, мен сіздерден өтінем, жібермеңіздер! Аяндар мені. Жол алыс, жүк ауыр деп қорқатын мен жоқ. Маған үрей бұл да емес...

— Онда неден қорқасың! — деп бақа-шаян, құрт-құмырсқа шу ете түсті.

— Айтсын, айтсын! — деп тоқылдақ та тоқылдата жөнелді.

— Ит — құмайы тазы деген жауым бар. Босқа жем болам ғой. Аю ата, сізге айтам, аяңыз мендей мүсәпіріңізді...

Мұндай майда сөзді бұрын естіп көрмеген дөрекі, қолбаң аю есіркеп қоя берді.

— Қ-о-ш, түлкім-ай, кәрі жүрегімді елжіреттің ғой, қалшы, қарлығаш-ақ барсын, — деп сөзін бір-ақ түйді ол.

* * *

Қарлығаш сол бетімен хабарсыз кетті.

Жазды қуып қыс келді. Қыс көктемге ауысты. Қар кетіп, жапырақ алақанын жайды. Гүлдер шешек ашыл, жұпар иісін аңқытты. Қара орманға жан кіріп, алтын күн шуағын сеуіп, қабағын ашты. Жер жылынып, тіршілік қауызын жайды. Гүлдер алқызыл, жасылды сан алуан нәзік шұғадан қалпақ киді. Барлық өсімдік түрлеп, аң түлеп рахатқа кенелді. Жер гүлге оранып, аспан құстары көктемнің шаттық күйін шертті.

Аю ата қыс ұйықтап, жаз тұрды. Ұйқы сорып арықтаған ба қалай өзі? Ол аяғын көсіліп сүйсіне есінеп еді, әлдеқандай бір ауыр нәрсе күрт үстіне құлады. Бұл не пәле? Қараса, өз үңгірі. Қары еріп, балшығы жібіп, ағашы иіріп құлап түсіпті.

Осындайда түкеннің тап болмасы бар ма.

— А-а, атам тұрыпты ғой! Қалай, жақсы тынықтыңыз ба?

— Ой түкем-ай, несің сұрайсың. Кәрілік жеңіпті. Бұрынғы күн жоқ. Сен маған мынашы түсіндірші. Кеше мен ұйықтарда қар бар еді. Бүгін жаз. Мұнысы қалай?

— Аю-екесі, ол түсіңіз болар. Быйыл қыс түспеді. Пәле болды.

— Япырмай онысы несі екен?...

— Соған біз де танданамыз, әрі тамақ та мәз болмады...

— Тоқта, тоқта, — деп аю ата оң аяғын көтерді. — Тамақты жақсы есіме салдың. Жүрші, мен ұйықтарда қоймаға қойылған тағамдардан бір аз дәм татып қайталық.

Сөзге жылман, іске сумаң түлкіні ол қойма күзетшісі қойған-ды.

Осының боларын білген қу түлкі тағы да аюдың аяғын құшты.

— Кешіре көр, ата! Мен әбден сорладым. Ет түгел шіріп кетті.

Аю ақырып, қу түлкіні аяғымен итеріп қалды.

— Негіп шіріді?

Түлкі үш-төрт домалап тұрып, қайтадан аю атаның аяғына оралды. Құйрығын қысып, мәліе қалды.

— Кінә тақсаңыз, мені жеп қарайған жүрегіңізге талшық етіңіз. Аяңған мен жоқ. Қыс түспеді. Шыжыған ыстықта ет шыдамады. Әбден састым. Ақыры құрт-құмырсқа, тышқан-мышқан ұрлап-жырлап тауысты. Сол еттен бір үзім аузыма салсам не дейсіз...

— Жа-ра-й-ды! Былай: маған арқардың сүтін әкел. Емделем. Тез оралғайсың.

— Құп болады, тақсыр.

Түкен дамылдамастан үш күн, үш түн жүрді. Әбден ашықты. Көзі талып, жүрегі қарауытын басы айналып заңғар таудың етегіне келіп тыныс алды. Жоғары қарап еді, ұшпа шағылдың басындағы арқарды көрді. Оған арқар — арқар емес, жас ет боп сезілді.

Айшық мүйізді кербез арқар қасқыя қарап күзетте тұр. Селт етпейді. Бейне тастан ойғандай. Сайқал түлкі үркітпейін деп, желге қарсы жақтан келді.

— Тау төресі арқарға бір сәлем!

Арқар селк етті, шаншыла атылып қарсы беттегі шағымға дік ете түсті. Одырая артына қарады.

— Төрөм-ау, неден шошындың?

Момын арқар «төрөм-ау» дегенге масаттанып қалды.

— Сені көріп өнерімді көрсеткенім ғой, — деді.

— Мен де сенің сол өнерінді көруге келдім. Аю атай жіберді. Енді үш күннен соң аңдар жарысы болушы еді. Аю атамның тау төресі арқардың халін біліп келші дегені.

— Е, мені жарысқа қосыла алмайды деді ме екен?

— Қәне сынап көрейін. Ана бір аумақты құздан арғы бетке секіріп көрші.


Арқар шегіне беріп оқша атылды.

Түкен секіріп өте алмайтын жерді көрсеткенді. Төмен қарап еді, тастан тасқа соғылып домалап барады екен. Міне, саған жас ет! Тойынған түкен білектей жас ағаштың ішін ұңғып, түбін жапырақпен бітеді де, арқардан сүт сауып алды; жолы болып орманға қайтты.

Аю атасы түкеңе риза болып арқасынан сыйпады:

— Жарайсың, түкем! Шаршаған боларсың, бар, дем ал, — деді.

Түкен жалғыз қалған соң терең ойға шом-



ды: «Барлық аң патшасы болуға осы менің нем жетпейді? Көрік десең көрік, ақыл десең ақыл бар. Бір басымнан нешеме айла да табылады. Қой, мен бүйтіп қор болмайын. Арыстанның көзін өзім жойып, басқа аңдарға күдіретімді көрсетейін».

Түлкі ұзақ іздеп арыстанды тапты. Ол жуан ағаштың түбінде сайғақты жең жатыр екен. Түкенді көргенде күрдіе айбар шекті. Құшақ жетпес дөнес желкесі қодырая түсіп, мойын жүні желп-желп етеді. Саусақтай тістерін аксыйтып, көзі от шашады. Түкенде зәре қалмады. Сонда да үрейін қулығы жөніп ба-тыл сөйледі.

— Арыстан-аға, мен сізге жайсыз хабар әкелдім.

— Қулығың ба, шынық ба? — деп арыстан гүр ете қалды.

— Шыным. Мен қулықты тастағалы қашан... Аю бастап сіздің үстіңізден пілге хат жолдады. Бізге келіп жауыз арыстанның көзін жой депті.

— Қайда маубас аю! Мен оған көрсетейін...

— Соңымнан ерңіз, мен оның үйшігін білем.

— Баста!

Бұлар келгенде, аю ата дамылдап жатыр еді. Түлкі:

— Әне, — деп үйшікті көрсетті де, өзі ағашты тасалап қалды.

Озбыр арыстан аюға тап берді, пара-парасын шығарды. Аюдың қаны шашырап түлкіге тиді. Түлкі жүнінің қызыл болуы содан дейді.

— Енді менің сізге арнаған сыйлығымды көріңіз, — деді түлкі арыстанға.

— Ол қандай сыйлық?

— Маған ілесіңіз. Барған соң көресіз.

Арыстан түлкі «досына» ілесе берді. Көп ұзамай алаңға шықты. Кенет түкен ыршып

барып, екі-үш метр алға түсті. Арыстан орнында тұрып қалды.

— Түкем-ау, саған не болды?

Түлкі шоңқылып отыра қалды. Қос аяғымен жүрегін басты:

— Ойпырмай зәремнің ұшқаны-ай! Алдындағы қыяқты жылан екен деп қатты қорықтым ғой!

— Ой тәйірі, ағасының жанында жүріп жыланның қорқа ма екен, — деп арыстан қыяқты түбімен жұлып тастады.

Ол алға аттады. Кенет арыстанның ащы даусы естілді де, тұрған жерінде жоқ болды. Ол — жер сілкінуден қалған терен, жарыққа құлады. Оның бетін сұм түлкі әдейлеп түстес өсімдіктермен жауып қойып еді.

Қу түлкі арыстанды көрмек болып шұңғыманын ернеуіне келді. Өзін бейне аң патшасы сезінді. Осы кезде ормандың әлде-қандай бір адам шыға келіп, төменге үңіліп тұрған түлкіні көрді. Мылтығын көздеп басып салды. Түкен де өмірмен қолтасып, арыстан досының қасына құлап түсті...

Базарбек БАЯНБАЕВ.

Ферма маңында

Әңгіме

Бұл елеусіз оқыйға апрель айының бас кезінде болған еді.

Кенет күн жылынды да, қар еріп, сай-саладан су ақты. Алатаудың бауыры түкті кілемнің түсіндей құлпырды да кетті. Қошақандар аяқтанып, күншуақта ойнақ сап, ферма маңы төлдер думанына айналды.

Кенес бүгін екі өңірін желбегей салып, өлең айтып, мектептен көңілді қайтып еді. Шешесінің жүзінен реніш шырайын байқап, «не болды екен» деп ойланып қалды. Әдеттегісінше кілең бестік қойылған күнделігін анасының алдына балалық мақтаныш сезімімен жайып та сала алмады.

— Бұл не деген сұмдық! Сомадай жігіт талтүсте қозыны қасқырға жегізіп...— Ашулы ана баласының мектептен келгенін де елең етпей, өз бетімен сөйлей берді.— Ол бұл ашықауыздығын қоймаса, қара да тұрыңдар, біреу ғана емес, әлі талайдан...

— Маржан қарағым, сабыр ет, ешнәрсе етпейді. Қозыдан айрылып қалған ашықауыз да, колхоз малын торып жортуылдаған көк жал сазайын тартады,— деді Жақсылық қарт келінін жұбатып. Қарт канатта ілулі тұрған қара мылтығын алды да, асты-үстіне қарап, тазарта бастады.

Кенес шешесіне ләм-ем деп тіл қатқан жоқ. Болған жайға әлгі бір сөздердің ұшығынан-ақ әбден қанды да, оның ренішіне іштей ортақтасып, үн-түнсіз отырып қалды. Маржан апайдың неліктен мұнша таусыла сөйлеп, кейін жүргенін Кенес жақсы сезеді. Быйылғы төлдерден бірде-бір бас шетінеген жоқ еді. Уәде-жүз саулықтан жүз жыйырма қозы болса, ол артығымен орындалады, деген сөздерді ол талай-талай естіген. Ал, бүгін сол сенімге күдік туып отыр. Шығын бір қозымен тынса жақсы ғой. Аяқтанған жас төлдерді күні бойы қорада қамап отыруға бола ма, далаға жіберу керек. Бірақ, дәнiккен көкжал қапысып тауып, тағы да қақшып кетпесіне кім кепiл. Міне Маржанды да, Кенесті де бүгін көбірек ойландырған осы жайлар еді.

Кешкілікте Жақсылық қарт ертең аңға шығатынын айтты. Күндізден қасқыр соғу жөнінде түрлі ойға қалып жүрген Кенес:

— Ата, мені ерте кетінізші! — деп жалынды.

— Сен қасқыр аулағанды орманнан бүлдірген теру деп ойлайтын шығарсың, балам. Қасқыр — бүлдірген емес, ертпеймін,— деп Жақсылық сөзінің соңын шұғыл қайырды. Атасының екі сөзі жоқтығын білетін Кенес қайталап өтінбеді.

Кенес сабағын әзірлеп боп күндегісінен кешірек жатқанмен де, көпке дейін дөнбекшіп ұйықтай алмады. «Атамның мені ертпейтіні қорқақ дегені ғой. Үлкен кісі де осынша жәбіршіл болады екен-ау».

Таңертең Кенесті Жақсылық қарт оятты. Күн көтеріліп қалған кез еді. Атасының аңға шықпай үйде жүргенін көріп Кенес аң-таң болды. «Мені ала кеткелі оятты ма екен?» деп үміттеніп те қалды. «Тез киін, аңға шығамыз» деген орнына Жақсылық:

— Тұр, балам, сабағыңа кешігесің,— деді. Бір аздан кейін қарт жұмбақтай сөйлеп кетті. — Барлау жасалды. Жау жатағы табылды. Ұялы бөріні ұясымен күртамыз, әлі, асықпа, балам,— деп ол жымыйып күліп қойды.

— Ата, мені ертесіз ғой, ә? Мен қорқақ емеспін,— деп Кенес тағы өтініш жасады.

Қарт сәл ойланып қап:

— Ертең күн не? — деп сұрады.

— Жексембі.



— Онда болғаны... Аяға бірге шығамыз.

— Ата, алысқа барамыз ба?

— Ол — құпия. Ертемің деген сон, алыс па, жақын ба деп саудаласпа. Аяға шығамыз деп жұртқа жария етуші болма.

— Жарайды, ата, ешкімге айтпаймын,—деп Кеңес тез жыйналып, мектебіне жүгіре жөнелді.

* * *

Кеңес мектептен қайтқанда, Жақсылық қарт пен Маржан апай қошакандардың емгенін байқап, әлі ауызданбаған төлдерге емізікпен сүт беріп қорада жүр еді. Қызыл саулықтың маңырағаны Кеңестің көңілін өзіне бірден аударды. Қошаканынан қапыда айрылған байқұс ана қозыны бір иіскеп, мыша қозыны бір иіскеп, тыныштық таппай шырық айналып жүр.

— Балам, қалай аяға шығуға әзірсің бе? — деді Жақсылық.

— Әзірмін, ата...

Таңертең Жақсылық қарт:

— Жылырақ киін, балам, таң алдында тауда салқын болады. Жаурадым деп жүрме,— деді.

Қарт осыны айтты да, мылтығын мойнына асынып, ауыз үйде тұрған қорапты немересіне әперді.

— Бұл сенің қаруың, берік ұста.

— Ата-ау, қораптың бізге қажеті не, бүлдірген тергелі бара жатқанымыз жоқ қой.

— Керек болады, балам.

Аңшылар жолға шықты. Аспанның шығыс бетінде жұлдыздар сирей бастаған. Бар жұлдызға бір өзім төтеп беремін дегендей таң сұлуы шолпан жарқырай қалыпты. Ферма маңы тын-тыныш. Аңда-саңда үрген иттің даусы естіледі.

Екі аңшы қалың шырышты тау қойнауын бөктерлеп келеді. Қарт аңшы жолдасын әңгімеден тарықтырар емес. Әрбір жана әңгімесін «мен жас кезімде, байдың малын бағып жүргенде...» деп бастайды да, не қасқыр, не басқа бір аңды соғып алғанын айтумен кеп тындырады. Бұған дейін Кеңес атасын мұндай әңгімешіл деп те ойламаған еді.

— Ата, қазір аңшылықты неге қойып кеттіңіз? — деп сұрады Кеңес бір кезде.

— Көзі күрғыр алыстан көрінкіремейді...

Қарт бір жайды айтқысы келіп еді, бірақ айтпай бөгеліп қалды. Оның бүгін Кеңесті аяға ерте шығуының да құпия сыры барды. Айтпағы сол еді. Жақсылық алдыңғы күні таңсәріден қасқырдың апанын іздеп, осы өлкені шарлап қайтқан. Сонда-ақ ол «қап, көз-құлақ болатын Кеңесімді ерте жүрмеген екенмін» деп өкінген еді.

Қара көлеңке сейіліп, төңірек айқын көріне

бастады. Аңшылар бұталы жар қабаққа беттеп келеді.

— Ата! — деп қалай айғайлап жібергенін Кеңес өзі де байқамады. Бұлар нақ апанның үстінен шығыпты. Кеңесті еден еткізген сұр күшіктер тырмысып жар қабақтың қуысына тығылды. Кеңестің бөлтірікті көруі бірінші рет. Өзіне таныс овчарканың күшігінен айырмасы аз сыяқты. Сондықтан ол ешбір сескенбестен-ақ, атасынан қалыспай екі бөлтірікті қорабына әкеп тоғытты.



Қарт аңшы қоразданып:

— Бөлтіріктері біздің қолымызда, енді өзі де құтылмайды. Қорабынды жерге қойып, қатты-қатты шайқа, шіркіндердің жан даусы шығып қынсыласын. Бөлтіріктерінің даусын қасқыр алыстан естиді. Қазір-ақ келеді,— деді.

Кеңес атасының айтқанын орындап, қорапты бар пәрменімен қатты-қатты шайқап еді, бөлтіріктер қынсылап, манайды у-шу қылды. Көк жал жырадан шыға келді. Жалт беріп, құлағын жымып тұра жөнелді.

Сол кезде мылтық даусы тарс етті. Қасқыр құлап түсіп, қайтадан тұра жөнелді. Жақсылық бес-алты кадам жүгіріп барып, тізерлеп отыра қап тағы атты. Бұл жолы көкжал енді қайтып тұрмастай боп құлады.

Қарт аңшы қасына жүгіріп келген Кеңеске:

— Атаңның көрі саусақтары мылтықтың шаппасын мүлтіксіз басудан әлі жаңылған жоқ екен! — деді мақтанған пішінде.

Алғашқы сапарының сәтті болғанына Кеңес те қуанды.



Америка балалары



Әңгіме

С. Синельников

Эриктің ақырында жолы болды. Ол кешке қарай автомобиль жөндейтін кішкене мастерскойға келіп, мұнда қандай да болса жұмыс бар ма екен деп сұрап еді, мастерскойдың қожасы:

— Кір, сөйлесейік,—деп жауап берді.

Сөйтсе, мастерскойдың иесі Фокске автомобильді жөндей білетін бала керек екен. Эриктің бұрын қайда жұмыс істегенін және оның немене істеуге шамасы келетіндігін сұрап білген Фокс жымыйып күлді:

— Аламын сені!

Эрик ертемен жұмысқа келгенде мастерской әлі жабық еді. Эрик автомобильдің ескі бөлшектерімен, жыртық покрышка және камераларымен қоқырсыған кішкене қора ішінде әрлі-берлі жүре бастады. Бірнеше минут өткеннен кейін кішкене қақпа ашылып, қораға бір бала кірді.

— Сен мұнда не істеп жүрсін?—деп сұрады ол.

Эрик жауап берді. Таныс емес бала бозарып кетті.

— Менің атым Фредди, мен осында жұмыс істеймін, бірақ, мені қожамның жұмыстан шығарғысы келеді...

— Сені жұмыстан шығарғысы, басқа біреуді алғысы келсе,—деді Эрик оның сөзін бөліп, —онда сен мақтарлық жұмыс істей алмаған болдың ғой.

— Жорамалға жүйрік екенсің,—деп Фредди сәл күлімсіреді де,—атың кім?—деп сұрады.

— Эрик. Ал оны қайтесің?

— Тыңда, Эрик, сен, мүмкін, өзіңе басқа жерден жұмыс қарастырарсың, мен саған мұның мәнісін айтып берейін...

— Айтып әуреленбесең де болады—деп, Эрик оның сөзін бөліп кетті.—Мен сенің қамыңды жей алмаймын. Онсызда бір айдан астам уақыт бойы жұмыс таппай сенделдім.

— Сен басқа біреудің орнын таптың ғой.

— Бұл енді менің орным!

Фредди тағы да Эрикті кіналап:

— Түсінсеңші, сен менің жұмысымды тартып алып отырсың!—деді.

— Жабыспа маған!—деп ашуланды Эрик,—мен ешкімнің ешнәрсесін тартып алғаным жоқ!

— Ештеңе түсінбегенсің күлгірсіме,—деп Фредди де ашуланды.—Сен менің тауып жүрген нанымды тартып алып отырсың. Барып тұрған скэб екенсің өзің!

Мұндай қорлауды Эрик күтпеген-ді. Қаршайынан жұмыс істеп жүргенімен, оны ешкім ешуақытта скэб деп көрмеген еді. Ал, скэб деп американдықтар ең опасыз адамдарды, штрей-брехерлерді және басқа да сұмдарды атайтын. Мұндай жәбірлеуді Эрик кешіре алмады, ол ашуға булығып, Фреддиді қойып жіберді. Фредди де қарап қалмай, жұдырықпен жауап берді. Шарт па шұрт төбелес болды да қалды.

Екеуінің де әбден ызаланғандары сонша, тіпті қақпаның қалай ашылғанын да, Фокстың кіргенін де аңғармады.

— Бұл немене!—деп айғайлады ол.—Токтатыңдар төбелесті.

Балалар жым болды. Фредди қожасына жақындап келді де, алқынып былай деді:

— Саламатсыз ба, мистер Фокс... Әкемді жуырда босатады деген сөз бар. Ол жөнінде бейбітшілікті қорғау Советі ізденуде...

— Ізденсін, ізденбесін,—деп мінгірледі Фокс,—полиция ұстаған адамын оп-оңай босата салмайды.

— Мен босата салады деп тұрғаным жоқ,—деп Фредди сөзін соза түсті.—Ал, әкемнің жуырда босанатындығына сенемін... Мені әзірше жұмыстан шығармаңыз...

— Мен сенің әкең үшін қолайсыз жағдайда

қалар жайым жоқ,— деп Фокс тағы да мінгірледі. — Үйіңе бар, Фредди...

Бірақ, Фредди кете қоймады.

— Сіз қолайсыз жағдайда қалмайсыз,— деді ол.— Менің әкемнің тұтқынға алынуына бүкіл қала халқының наразы екендігі сізге де белгілі ғой, халық оны босатып алады...

— Үйіңе бар,— деп қайталады Фокс.— Менің жаңа қызметшім барын көріп тұрсың ғой.

Шетте үндемей тұрған Эрик те осы кезде сөзге кірісіп кетті.

— Ондай адамыңыз жоқ, мистер Фокс,— деді ол.— Сізде жаңа қызметші жоқ.

Фокс таңырқағандығынан мелшиіп тұрып қалды.

— Немене, жұмыс істегің келмей ме? Басқа біреуді тауып алам.

— Жұмыс істегім келгенде қандай, бірақ,

мен ана баланы неге жұмыстан шығарғандығыңызды білмедім. Мен опасыз бола алмаймын.

Фокс қабағын қарс жауып түнере түсті. Фредди таңырқады да, сүйсінгендей Эрикке қарады.

— Көріп тұрсыз ғой, мистер Фокс, мені қайтадан жұмысқа алыңыз...

Фокс бұрыңғысынан да түнеріп кетті:

— Әй, екеуің де бұл арадан тайындар!

— Кету қыйын емес қой,— деп Эрик Фокстың жанына жақындап келді.— Мен біздің жақта машинасы бар көп адамдарды білемін, мен соларды түгелдей аралап шығып, сіздің қоян жүрек қорқақ екендігіңізді әшкерелеймін...

— Кірген қақпаңды көріп тұрсың ба?— деп Фокс булығып долдана түсті.— Соны аржағынан жап, әйтпесе мен сені... Фокс қолындағы тізбектеулі кілтті көтерді.

— Жанжалдасып үлгерерсіз,— деп Эрик сөзін сабырлы түрде соза түсті.— Бірақ та, мына баланы жұмысқа қайтадан алмасаңыз, онда машинасы барлардың көбі сіздің мастерскойыңыздан үш миль жер аулақ жүретін болады...

— Қайдан қадалды бұл,— деді Фокс бәсеңсіп.— Мені үйретпей, тайсаң деймін осы арадан.

Эрик таңырқаған Фреддиге көзін қысып қалып, қақпа жаққа бұрылды. Ол шығып бара жатып:

— Фредди, жарайды, жұмысқа кіріс, аржағын көре жатармыз,— деген Фокстың қатты шыққан даусын естіді...

Лударған: С. Төребеков



Редколлегия мүшелері: Айдарбеков Ә., Баранов К., Дарқанбаев Т., Ыбраева А., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрғазин М., Нұрқатов А., Нүсіпов А.

Технический редактор: И. Соскинд.

г.Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 20/V—1953 г. УГ04231. Бум. 84 × 108²/₁₆—0,75 бум. 46 п. л. Тираж 16 000. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. Заказ № 713.

Каз. Гос. пуб. библиотека

Сен білесің бе?

... Россия — авиацияның отаны екенін сендер білесіңдер. Сол сыяқты тұңғыш авиация шаңғысы да біздің елден шықты. Тұңғыш авиация шаңғысының конструкциясын бұдан 40 жыл бұрын орыс инженері Николай Радионович Лобанов жасады.

... Орыстың тұңғыш баспа газеті бұдан 350 жыл бұрын Москва қаласында шықты. Бұл ұзындығы бірнеше метр, шыйыршықтауға қолайлы тілшіктей қағаз болатын.

Бұл газет I-Петрдің бұйрығы бойынша «Ведомости» деген атпен 1803 жылдың 2 (13) январында шықты. Бұл күнді орыстың тұңғыш баспа газеті шыққан күн деп есептейді...

... 1912 жылдың 5 майы (ескі жыл санаумен 22-апрельде) большевиктік «Правданың» бірінші номері жарыққа шықты. «Правданың» революцияның ұлы көсемдері В. Ленин мен И. Сталин ұйымдастырды. 5-май баспасөз күні болып табылады.

... Бірінші дүниежүзілік соғыста немістер (1915 жылы) уландыргыш газ қолданғанда, академик Н. Д. Зелинский дереу противогаз ойлап шығарды. Бұл сол уландыргыш газға қарсы бірден-бір сенімді құрал ретінде барлық армияда қолданылды.

... Нижегород қаласының өздігінен үйренген механигі И. П. Кулибин (1735—1818) жер жүзінде ең бірінші проекторды 1779 жылы ойлап шығарды.

... Орыстың өнер тапқышы П. Л. Шиллинктің (1786—1837) еңбектерінің нәтижесінде біздің елімізде 1832 жылы бүкіл жер жүзінде тұңғыш электро-магнитті телеграф линиясы салынған. Ол линия Петербургтағы Қысқы Сарайды жол қатнасы министрлігімен байланыстырып тұратын болған.

... Бұдан 90 жыл бұрын әріп теретін автомат машинаны орыс студенті П. П. Княгинский ойлап тапқан. Бұл машинаның негізгі тәсілі қазіргі ливотип, монотип, сыяқты күрделі машиналарды жасауға негіз болған.

Шеңбердің ішіне түсір

Әр қайсысында төрт адамнан екі командаға бөлініңдер. Бірінен-бірі ой қадам қашықтықта екі шеңбер сызу керек. Шеңбердің кендігі доп жоғарыдан тура ортасына түскенде, шеңбердің сыртындағы адам оны қағып жібере алмайтындай болсын.

Енді бір команда екінші команданың шеңберіне доп тастайтын болады. Бірақ қорғаушылар допты шеңбердің ішіне түсірмеуге тырысады. Олар допты қағып алуға, не қолдарымен ұрып, кері қайтаруға тиіс. Сонсоң допты шеңберге екінші команданың ойыншылары лақтырады. Енді қарсы команданың адамдары допты



қағып алуға, қайта ұруға дайын тұруы керек. Қарсы ойнаған команданың шеңберіне допты үш рет бұрын түсірген команда жеңіп шығады.

Әр команданың ойыншысы допты екі шеңберге кезекпен тастауға тиіс.


Доппен эстафета жүргізу

Бұл ойын үшін екі кішкене резина доп немесе волейбол ойнайтын екі доп керек. Екі командаға бөлініңдер. Сонсоң алаңның бір шетіне «Старт», екінші жағына, ой бес метрдей қашықтыққа «финиш» сызықтарын жүргізіңдер. Судья белгі берген кезде, екі жақтың ойыншыларының алда тұрғандары допты жерге ұра отырып, финишке қарай жүргізеді. Финишке жеткенде олар допты жерге ұрған қалпында бұрылады да, кейін жүгіреді. Стартқа қайтып келген ойыншы допты

командасының келесі адамына береді, ол дереу допты ала салып, алғашқы ойыншы сыяқты финишке қарай жүгіреді. Басқа ойыншылары түгел осылай жүгіріп болғанша, ойын жүре береді. Егер ойыншы орта жолда допты қолынан шығарып бір жаққа домалатып алса, онда ол стартқа қайта келіп, ойынды алғашқы тәртіппен бастайды. Қай команданың соңғы ойыншысы осы аралықты бұрын жүгіріп бітірсе, сол жеңіп шығады.

Анаграмма

Алты өзен



Мына суреттегі цифрлардың ретімен бес өзеннің атын дұрыс жазса, дөңгелектердің ішіндегі әріптерден тігінен оқығанда алтыншы өзеннің аты шығады. Бұл қай өзендер?

С. Біләлов,

Павлодар ауданы, Максимович жетіжылдық мектебі.

Егер «Қ» дан бастасак, Туліктің бірі болармын «Қ» орнына «Г» қойсаң, Шат көңілде болармын «Т» ны алып тастасаң, Жер төмені болармын.

Жасаған: А. Досқалиев,
Т. Бекхазина
Ойыл ауданы.

Жауап

«Пионер» журналының 3-номерінде басылған ребустың шешуі:

«Біз табиғаттан рақым күтіп отыра алмаймыз. Оны одан алу — біздің міндетіміз»


Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Д. Бектауов (Қызылорда облысы), Ж. Шотунова (Алматы облысы), К. Тұрдымбетова (Семей облысы), І. Байтаев (Талдықорған облысы), Ш. Мылтықбаев (Матай станциясы).

Гербарий жыйнақтар



Гербарийдің жалпы түрі



Өсімдік келтіретін ботаникалық пресс

50 см.

10 см.